



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ БІРТАБАН ЖАҚЫНДАТҚАН ҚҰЖАТ



Қазақстанның барша жұртшылығы үшін, әсіресе, қазақ үшін, әрине, «тәуелсіздіктен» артық ұғым, одан ыстық сөз жоқ. Міне, «Тәуелсіз елміз!» деп кеуде көріп, мақтанышпен айта алатын, ата-бабаларымыз армандаған, алаш арыстары өзін жанын осы азаттық жолында құрбан еткен аңсарлы күнімізге жеткенімізге көзді ашып-жұмғанша отыз жылдан астам уақыт өтіп те кетіпті.

(Соңы 3-бетте)

МӘСЕЛЕ

ӘЛЕУМЕТТІҢ ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРУ БАСТЫ ОРЫНДА

Үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджет жобасы шығыстарының құрылымы өзгерді. Бұл ағымдағы нысаналы трансферттерді жергілікті бюджеттер базасына беруге байланысты орын алмақ. Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында қаралған «2023–2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заң жобасы кезінде бұл мәселе жан-жақты айқындалды. Еліміздің 2027 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық даму болжамы негізінде әзірленген жоба бойынша трансферттердің салалық бағыты сақталады.

– Әлеуметтік салаға бөлінетін қаржыны 2 трлн теңгеге ұлғайта отырып, 2023 жылы 10,6 трлн теңгеге жеткізу көзделген. Шығыстардың өсуі жыл сайынғы индексациялаумен және зейнетақы мен жәрдемақы алушылар контингентінің ұлғаюына; педагогтардың, дәрігерлердің, медициналық емес қызметкерлердің және азаматтық қызметшілердің жалақысын арттырумен байланысты. Экономиканың нақты секторын қолдауға арналған бюджет шығыстары 2023 жылға – 2,5 трлн теңге, 2024 жылға – 1,9 трлн теңге, 2025 жылға – 1,7 трлн теңгеге сомасында жоспарланған, – деді жоба бойынша жасаған баяндамасында Премьер-Министрдің орынбасары – Қаржы министрі Ерулан Жамаубаев.

Оның сөзіне қарағанда, экономиканың нақты

секторын қолдауға арналған бюджет шығыстарындағы басымдықтар өңдеу өнеркәсібін дамыту; өңірлерде жалғасатын инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру; кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті дамыту және қолдау; көлік және газ тасымалдау жүйесін дамытуға бағытталған.

Ерулан Кенжебекұлы заң жобасын талқылау барысында бірқатар түзетулер енгізілгенін атап өтті. Атап айтқанда, депутаттар бастамашылық жасаған бірінші блог халықтың өмір сүру сапасын арттыруға және өңірлерді дамытуға бағытталған. Онда халықты таза сумен қамтамасыз етуге, газбен жабдықтау жүйесіне, көлік инфрақұрылымын дамытуға, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымға, сондай-ақ, денсаулықты сақтау объектілерін салуға қосымша шығыстар көздел-



ген. Жалпы, 2023 жылы өңірлерге республикалық бюджет қаражаты есебінен 6,2 трлн теңге бөлінетін болады, бұл жалпы бюджет шығыстарының шамамен 29,4% құрайды.

(Соңы 2-бетте)

ЛЕБІЗ

ЕЛІМІЗДІҢ БАСТЫ МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Құрметті әріптестер!

Сіздерді Судьялар одағының атынан араға 13 жыл салып қайта атап өткелі отырған Ұлттық мерекеміз 25 қазан – Республика күнімен құттықтаймын!

Бұл туралы, яғни, тарихи әділеттіліктің қалыпқа келтірілуі жөнінде ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев осы жылғы маусым айында өткен Ұлттық құрылтай отырысында: «Республика күніне Ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Жыл сайын 25 қазанда біз Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек» деді.

1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның Мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданды. Дәл осы маңызды саяси құжат еліміздің тәуелсіздігіне жол ашып, егемендікті жариялап, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі құқықтық негіздерін бекітіп, аумақтардың тұтастығы, бөлінбейтіндігі және қол сұғылмаушылығы секілді мемлекеттіліктің негізгі қағидаларын айқындап көрсетті. 32 жыл бұрын қабылданған Декларацияда саяси, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді дербес шешу қағидасы, өз ішкі әскерлерін, мемлекеттік қауіпсіздік және ішкі істер органдарын құру құқығы нақты көрсетілген. Егеменді мемлекеттің әкімшілік-атқарушы жоғары билігінің басында тұрған Президент институты енгізілді.

Мемлекеттік егемендік туралы Декларация арқылы кеңестік заңдар тоқтатылды, Қазақстан Республикасының заңнамалық базасын құру басталды. Мемлекеттің дербестігі бекітілген кезеңнің қорытынды құжаты 1991 жылғы 16 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң болды, бұл құжат біздің елімізге тәуелсіз мемлекет мәртебесін түпкілікті рәсімдеуге мүмкіндік берді.

Бұл тарихи саяси сахнада оқиғалардың қалай өрбігенін, сонымен қатар мемлекеттің ресми қалыптасуының үдерістерін көрсетеді. Тәуелсіздік жылдарында еліміз әлемдік картада өзінің лайықты, әлемдік қауымдастық мойындаған орнын алды. Қазақ ұлтының өзін-өзі сәйкестендіруі жүзеге асты, сондықтан бұл мерекенің ұлттық мерекеге айналуы өте орынды.

Біздің қоғам бүгін осындай заманалық оқиғаға құрмет көрсете отырып, өзінің кемелдену кезеңіне қадам басты. Біз ата-бабаларымыздың бостандыққа деген ұмтылысы тасқындаған қазақ топырағында пайда болған сан ғасырларға тән терең тарихымызды мақтан тұтамыз және қадірлейміз.

Сіздерді Ұлттық мерекемен құттықтай отырып, баршамызға жүктелген орасан жауапкершілік пен жоғары миссия – мемлекетіміздің құқықтық негіздерін нығайтуды әрдайым есте сақтайық деген тілек білдіргім келеді. Баршаңызға жақсылық, бастарыңызға амандық, зор денсаулық пен тұрақтылық тілеймін!

Сәкен АБДОЛЛА,
ҚР Судьялар одағының төрағасы
ҚР Жоғарғы Сотының судьясы

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Ғарифолла ЕСІМ,
қоғам қайраткері:

«ДЕКЛАРАЦИЯ ҚАБЫЛДАНҒАН КҮН — ҰЛТТЫҚ МЕЙРАМ»

– Ғарифолла мырза, Республика күні қайта оралып жатыр. Яғни, 25 қазан күнімізбенімізге тағы да Ұлттық мереке ретінде енді. Бұл осы күннің еліміз үшін айрықша маңызын көрсететіні анық...

– Әрине, Республика күнінің оралуы тарихи оқиға ғана емес, әлеуметтік-экономикалық терең мәні бар өзгерістердің бастауы. Өзіңізге белгілі, 1990 жылы 25 қазанда «Қазақстан Республикасының егемендігі» туралы Декларация қабылданды. Сол кезде небары қырықтардағы жас едік. Бұл оқиғаға біз қатты қуандық. Өйткені, республиканың декларациясын қабылдау кеңес өкіметі құрамынан шығудың алғышарты болды. Яғни, сол жағалаудан кетіп, оң жағалауға шығу. Америка тарихына қарасаңыз, декларация қабылданған күн – Ұлттық мейрам.

(Соңы 5-бетте)

ӘЛЕУМЕТТІҢ ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРУ БАСТЫ ОРЫНДА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ал түзетулердің Үкімет ұсынған екінші блогы Президент жолдауын және оның жекелеген тапсырмаларын қаржылай қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл зейнетақының орташа мөлшерін өсіруге, бір жарым жасқа дейінгі бала күтімі бойынша төлемдер кезеңін ұлғайтуға, Мәжіліспен мәслихат сайлауын өткізуге, жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен қамтамасыз етуге және мүгедек адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға арналған шығыстар.

Министрдің пайымдауынша, енді республикалық бюджетке түсетін мұнай түсімдерінің үлесі біртіндеп азаятын болады. Бюджетте Ұлттық қордан берілетін кепілдендірілген трансферт мынадай көлемдерде жоспарланып отыр: 2023 жылы – 2,2 трлн теңге; 2024 жылы – 2,0 трлн

теңге; 2025 жылы – 1,9 трлн теңге. Нысаналы трансферт келесі жылға 1 трлн теңге және 2024 жылға 400 млрд теңге мөлшерінде айқындалған.

Мұнайдан басқа түсімдердің үлесі 2022 жылғы 59,8%-дан 2025 жылға қарай 78,2%-ға дейін өсіру көзделген. Мұндай кірістер көлемінің ұлғаюы біртіндеп экономика диверсификациясының жақсаруына және меншік табыс көзінің нығаюына ықпал етеді. Бюджет тапшылығы биыл жалпы ішкі өнімге 3,3%-дан 2025 жылы 2,5%-ға дейін кезең-кезеңімен төмендейді деп күтілуде. Ал шығыстар биылғы жоспарға қарағанда 2,2 трлн теңгеге ұлғайып, 2023 жылы 21 трлн теңгеге немесе жалпы ішкі өнімге 17,4%-ды құрайды деп жоспарланып отыр.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

СЕНАТ ДЕПУТАТТАРЫ – ҚАЖ мекемесінде

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауындағы тапсырмаларды іске асыру бойынша ауқымды жұмыстар қолға алынуда. Осы мақсатта Сенаттың Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы Владимир Волков бастаған бір топ Сенатор Шымкенттегі №54 қылмыстық атқару жүйесінің мекемесінде болып, мекеменің тұрмыс-тіршілігімен, ішкі жағдайларымен танысты.

Халық қалаулылары бірінші кезекте мекеменің медициналық емдеу бөліміндегі дәрігерлермен жүздесті. Олардан дәрі-дәрмектің жеткіліктілігін, медициналық емдеу құрал-жабдықтарының жай-күйін сұрастырып, одан әрі осында емделіп жатқандардың жағдайына назар аударды. Сотталғандардың жатын бөлмелері, асхана бөлмесі де қараусыз қалған жоқ.

№54 түзеу мекемесінің ауласында өзінің өндіріс аймағы бар. Онда шағын нан зауыты, тігін цехтары, ағаш, темір ұстаханалары жұмыс істейді. Тапсырыс берушілердің сұраныстарына сәйкес дайындалған қолөнер бұйымдары – домбыра, үй жиһаздары, жұмыс киімдері, тағамдық ағаш астаулар, тағы да басқа түрлі бұйымдар осында жазасын өтеп жатқандардың шебер қолдарымен жасалған дүниелер екен.

Халық қалаулылары аталған өнімдерді көріп болғаннан кейін, жазасын өтеп жатқандарды жұмыспен қамтып отырған «Еңбек-Шымкент» РМК өкілдеріне, жұмыс беруші мекемелерге, ішкі тәртіптің жауапкершілігіне жылы лебіздерін білдірді.

Мекемені аралау барысында Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша ҚАЖ департаментінің басшысы Теңізжан Жәнібеков «Еңбек-Шымкент» РМК-ны одан әрі дамытуды, ол үшін үкіметтің қаржылай қолдауы керектігі жөнінде мәселе көтеріп, Сенат депутаттарына өтініш жасады. «Себебі, жаңа жұмыс орындарын ашу үшін заманауи құрал-саймандардың, жабдықтардың қажеттілігі күн тәртібінен түскен емес», – дейді Теңізжан Нұрмаханұлы.

Сонымен бірге, департамент басшысы қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінің тозығы жеткен, сыз тартып құлаудың алдында тұрған қабырғаларын слайд-суреттер арқылы көрсетіп, оны жөндеудің, қалпына келтірудің кезек күттірмес мәселе екендігіне көз жеткізді.



ры арқылы қолға алудың қажеттілігі туралы өтініш жасалды.

Іс-шара соңында сенаторлар Владимир Волков, Советбек Медебаев, Аманкелді Төлемісов және Шымкент қаласының прокуроры Ғабит Мұқанов, Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша ҚАЖ департаментінің басшысы Теңізжан Жәнібеков жазасын өтеп жатқандарды жеке сұрақтары бойынша қабылдап, тиісті тапсырмалар берді.

Сейтхан ЗЕБЕРХАНҰЛЫ,
Шымкент қаласы және
Түркістан облысы бойынша
ҚАЖ департаментінің баспасөз хатшысы

Атырауда «Би институтын заманауи жаңғырту. Медиация мүмкіндіктері» тақырыбында республикалық форум өтті. Іс-шараның мақсаты – билер институтын медиация мүмкіндіктері арқылы заманауи жаңғырту. Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам қалыптастырудағы медиацияның рөлін арттыру.



Форум жұмысына Атырау облыстық сотының төрағасы Б.Жұмағұлов, Атырау облысы әкімінің орынбасары Ж.Бисембиев, мемлекеттік, құқық қорғау, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, кәсіпкерлер, сот орындаушылар, билер және медиаторлар,

адвокаттар мен заңгерлер қатысты. «Халықаралық медиация орталығы» РҚБ Атырау облысы бойынша өкілдігінің директоры, халықаралық медиатор Г.Марданова, облыстық сот төрағасы Б.Жұмағұлов, облыс әкімінің орынбасары Ж.Бисембиев құттықтау лебіздерін білдірді.

Бауыржан Жұмағұлов форумға қатысушыларды құттықтап, аталған кездесудің маңызын атап өтіп, татуластыру рәсімдерін дамыту бойынша сотта жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталды. Қатысушыларға ортақ іске үлес қосатын жемісті пікірталас, жана білім және құнды тәжірибе алмасуды, ал форум жұмысына табыс тіледі.

Атырау облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Анаргүл Салихова «Сот процесінде медиация тәртібімен дауды реттеу» тақырыбында баяндама жасады. Онда медиацияның тарихы мен даму жолы, өңірдің сот жүйесіндегі істер бойынша татуласу туралы айтып, облыс соттарында татуластыру рәсімдерін қолдану бойынша статистикалық деректерді келтірді. Сондай-ақ, жана институт – әкімшілік әділет аясындағы татуластыру рәсімдеріне тоқталды.

Атырау облысының прокуроры Бауыржан Жұмаканов қылмыстық істер бойынша татуласу туралы айтса, «INTERNATIONAL MEDIATION CENTRE» RPA медиация сарапшысы,

МЕДИАЦИЯНЫҢ МҮМКІНДІГІ МОЛ

ҚР Жоғарғы Соты жанындағы Сот төрелігі академиясының сот қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру курстарының тренері, АХҚО, ХТО сотының сенімді өкілі Қ.Түлекеев «Би институтын медиация мүмкіндіктері арқылы заманауи жаңғырту» тақырыбында баяндама жасады. Трансшекаралық даулар, инвестиция әкелудегі медиацияның рөлі туралы «Халықаралық медиация орталығының» бітімгершілік рәсімдерінің сарапшысы Назым Түлекеева ақпарат берді.

Форум барысында «Халықаралық медиация орталығы» РҚБ президенті А.Жулаев медиация рәсімдерінің дамуына белсенді үлес қосқандарға алғыс хат табыстады. 2 медиатор би мүшелігіне өтіп, ант қабылдады. Сондай-ақ, қатысушыларға біліктілікті арттыру, республикалық форумға қатысу бойынша сертификат табысталды.

Форум жұмысын қорытындылаған халықаралық медиатор Г.Марданова бұл кездесу ел ішіндегі дау-дамайлар көрсеткішін төмендетумен қатар, жанжалсыз қоғам құруда мызғымас бірлік пен берекеге қол жеткізуге мүмкіндік беретінін атап өтті.

Іс-шара соңында қатысушылар кездесуді ұйымдастырғаны және жемісті ынтымақтастық үшін алғыстарын білдірді.

Атырау облыстық сотының
баспасөз қызметі



СЫНДАРЛЫ РЕФОРМА – САПАЛЫ ЖҰМЫС КЕПІЛІ

«Кемені қалай атасаң, солай жүзеді» деген тамаша тағылымды сөз бар. Бұл терең мағыналы тіркестің астарында жұмысты қолға алмас бұрын бағдарды дұрыс белгілеу, жоспарды жан-жақты құру, болашақтың негізін бүгіннен болжау секілді басымдықтар жатыр.

Тәуелсіз елдің тәуелсіз сотының қазіргі жетістіктері де сол сындарлы реформа, саликалы бастамалардың дұрыс таңдалуымен тікелей байланысты. Әсіресе, Президенттің жыл сайынғы жолдаулары жұмысты жүйелеп, саланы халыққа жақындатудың, сенімді нығайтудың алғышарты іспеттес.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» деген тақырыппен көшілікке жол тартқан жаңа жолдауында да ел өміріндегі шетін мәселелер ашық көрсетіліп, оларды оңтайлы шешудің жолы нұсқалған. Мәселен, стратегиялық маңызы бар бұл құжатта заңнамалардағы кемшіліктерге, олардың сот жұмысына көлеңке түсіретініне назар аударылып отыр. «2015 жылдан бері Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерге 1200-ден астам өзгеріс енгізілген» деп нақты фактіні көрсеткен Мемлекет басшысы мұндай кемшілік алдағы уақытта да орын алмауы үшін Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерді мұқият саралап, ондағы қолданылмайтын немесе сот төрелігіне кедергі келтіретін артық-ауыс нәрсенің бәрінен арылуды тапсырды. Сонымен бірге, «Тиісті түзетулер енгізілгеннен кейін оларды қайта-қайта өзгерте бермеу қажет» дегенді қатаң ескертті.

Расында, заңдарды жиі өзгерту сот жұмысына теріс ықпалын тигізеді. Заңнамаларды дайындаудағы кемшіліктер бұрын да айтылған. Соған қарамастан бұл мәселе қазір де өзекті. Себебі, құқықтық мемлекетте барлық қарым-қатынас заң арқылы үйлесімділіктен, заңдардың сауатты, сапалы ғана емес, халықтың менталитетіне, ұлттық болмысына сай жасалуы маңызды. Ал көшірме заңдар мемлекеттің көсегесін көгертпейді. Оның үстіне, қарапайым халық та заңдағы өзгерістерді ұдайы зерделеп, үнемі бақылап отырмайды. Құқықтық білімінің төмендігінен зардап шегетін

жандар қатарын көбейтпес үшін де заңдардың сапасын арттыру керек.

Жаңа жолдауында Президент сот кадрларын іріктеу мәселесіне тағы назар аударды. Сот корпусын лайықты үміткерлермен толықтыру жалпы қоғам үшін қажетті шара. Соған орай, судьялықтан үміткерлерге қойылатын талаптың жыл өткен сайын күшейтілгені дұрыс. Бұл ретте Президенттің: «Қоғамда заң үстемдігі берік орнығып, сот төрелігі әділ атқарылуы қажет. Осыған орай, қазылар қауымын шұғыл түрде қайта іріктеп, жаңартып жасақтау керек. Қазылар жоғары білікті, адал, сондай-ақ, жемқорлықтан таза болуы қажет. Ең алдымен, барлық судьялардың мәртебесін теңестірген жөн. Олар өзінен жоғары тұрған әріптестеріне тәуелді болмауы керек» деген пікірімен толық келісеміз.

Бүгінгі күнге дейін сот тәуелсіздігін нығайту, судьялардың мәртебесін арттыру бағытында да ауқымды істер қолға алынды. Еліміздің Конституциясында «Сот төрелігін тек сот қана атқаратыны» жазылып, сот билігінің құзыреті нақтыланды. Ал «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі» туралы конституциялық заңда сот пен судьялардың міндеті мен мәртебесі нақты көрсетілген. Бұған қоса, төрелік етер төрді сыйламайтындарға, судьяның шешіміне қандай да бір ықпал етуге тырысатындарға, судьяға құрмет көрсетпегендерге арнайы әкімшілік, қылмыстық жауаптылық белгіленді.

Мемлекет басшысының: «Күштік құрылымдар сотқа ықпал етпеуге тиіс. Бұл – ете маңызды. Судьяларға әкімшілік қысым көрсететін амал-тәсілдің бәрі жойылуы керек. Судьялардың қызметіне араласуды шектей отырып, олардың заң бұзғаны үшін жауапкершілігін арттырамыз. Судьяның өрескел қателік жіберген және күшін жойған әрбір сот актісін Қазылар алқасы тексеруге тиіс» деген сөзі де сот құрылымына деген құрметті ғана емес, жауаптылықты арттыруға ықпал етері анық. Бұл тапсырма әрбір судьяның тәуелсіздігіне, өз ұстанымымен батыл шешім қабылдауына кепілдік береді, сонымен қатар, Президент сөзі әр судьяны өзіне жүктелген іске үлкен жауаптылықпен қарауға, өз қызметін сапалы, тындырымды, әділетті атқаруға міндеттейді. Жолбасшымыз болған жолдаулардың құндылығы да осында.

Гүлмира РАХИМБАЕВА,
Қаратау аудандық сотының судьясы
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ БІРТАБАН ЖАҚЫНДАТҚАН ҚҰЖАТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазақы кеңқолтық өлшеммен асыра сөйлейтін әдетіміз, әйтпесе, бұл – өркениет зымyraп алға шарықтап озып кеткен осынау заман үшін аз уақыт емес. Яғни, ақ түйенің қарны жарылған күн туған заманда дүниеге келген бала бұл күндері орда бұзар отызынан асып, бір отбасының немесе әулеттің емес, еліне бас болып, қауымына жол нұсқар шағына жетіп отыр. Ал мұндайда тәуелсіз мемлекетімізді әлі шикі, жас елдің қатарына жатқызу ағаттық болар еді. Оң-солымызды әлдеқашан айырған, әлемнің алдыңғы қатарлы елдері қатарынан орын алып үлгерген саликалы, өрісті, іргелі елге айналып қалғанымызды жоққа шығаруға болмайды. Әрине, бұл жылдар ішінде қиындық-кедергілер тумай қалған жоқ, мұның бәрі заңдылық деп білеміз. Тәуелсіздіктің тұғырын бекіте түсу, баянды ету – аз жауапкершілік емес.

Қазақ халқы үшін азаттық – әрқашан күрмеуі қиын мәселе болып келгені белгілі. Тәуелсіздікті ешкім бізге сыйлай салған жоқ, бұған жеткенге дейін де біраз соқпақты-соқтықпалы, шырмауықты жолдарды бастан кешкеніміз белгілі. Бұл тарихтың сабағын ұмытуға болмайды, қайталап сүзгіден өткізіп, жақсылы-жаманды күндерімізді екшеп, қорытындылап отыру – саналы қоғам азаматтарының бір парызы деп ұққанымыз ләзім.

Кеңестік коммунистік жүйе жетпіс жыл бойы қанша жауырды жаба тоқып, жасырып, бүркемелеуге тырысып келгенімен, дүниежүзіне өздерін одақтас елдердің еркіндігі мен бірлігін, әсіресе, теңдігі мен бостандығын сақтайтын мемлекет ретінде танытуға жанын салғанымен, «өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам» демекші, жалғандыққа, алдап-арбауға, күштеу мен зорлық-зомбылыққа негізделген империялық саясат жиырмасыншы ғасырдың соңына қарай өзінің шынайы бет-пердесін ашты. Яғни, бұрынғы патшалық империяны орнынан тайдырып, «байшыл-буржуазия-шыл үстемдікке жол жоқ, біз дүниежүзі халықтарын бір тудың астына біріктіретін мемлекет құрамыз, біздің ұранымыз бен мақсатымыз – бостандық пен теңдік» деп әлемге жар салғанымен, іс жүзінде тонын теріс айналдырып киіп, сол империялық отарлау саясатын жалғастыра бергені, тіпті, шектен шығып, кеңестер елін – түрмелер лагеріне айналдырғаны бұл күнде ешкімге құпия емес. Осынашалық өрескел жүргізілген, әрі қысым-қиянатшылдықпен іске асырылып келе жатқан саясаттың ұзаққа бармайтынын саналы қоғам өткен ғасырдың сексенінші жылдары сезіне бастады. Наразы үндер одақтың әр тұсынан естілгенімен, үлкен мемлекеттік іс-әрекеттер дтіткен мақсатына жете алмай жатты. Дүниені дүр сілкіндіріп, әлем елдерінің назарын аудару үшін бір кесек әрекеттің қажеттілігі – заман талабы болатын. Өйткені, отыз жылдық сталиндік канқұйлы режим, колдан жасалған ашаршылық, репрессия тудыру, әділетсіз соғыстар, жалпы, кеңестік коллективтендіру, бесжылдықтар, тың игеру саясатының дөрекілікпен жүргізілуі – халықтардың ашу-ызасын тудырмауы мүлде мүмкін емес еді. Және жасыратыны жоқ, осы зорлық-зомбылығы басым саяси шаралардың баршасының ауыртпалығы қазақтың елі мен жеріне қатты батқандығы тағы белгілі. Сондықтан, бұрынғы кеңестік республикалар ішіндегі ең үлкен наразылықтың Қазақстанда көрініс табуын заңдылық деп қабылдаймыз.

1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі жетпіс жыл бойы тұншығып келген халықтың бір лап етіп еркіндікке шыққан сипаты болатын. Міне, біздің айтып отырған халықтың ең үлкен наразылығы, кесек әрекеті осы болатын. Қазір әлдекімдер «Қазақстан – он бес республиканың ішінде өз тәуелсіздігін ең соңғы болып жариялаған ел» деп, тәуелсіздікке ұмтылысты жоққа шығарғысы келеді. Немесе, құжат жүзінде бекітілген күнмен тәуелсіздігіміздің қадірін түсіргісі келеді. Мен мұны түбегейлі қате пікір деп есептеймін. Өйткені, анық ақиқаты сол, бүкіл бұрынғы одаққа біріктірілген республикалар ішінде кеңестік билік жүйесіне осынашалық батыл наразылық осыған дейін болып көрмеген. Яғни, Қазақстанның желтоқсаншыл жастары сол қаһарлы кезеңде нағыз демократияның құдіретін дүниежүзіне танытты.

Мәселе тек орнынан алынған Д.А.Қо-наевтың орнына Г.Колбиннің тағайында-луымен байланысты емес болатын. Бұл – жетпіс жыл бойы елде орын алған сансыз әділетсіздіктерге халықтың көкірегінде жиналған ашу-ызаның лап етіп лықсып сыртқа шығуы еді. Және жоғарыда айтқа-нымыздай, нақ осы наразылық шеруінің Қазақстанда тұтануы заңдылық болатын. Сондықтан да барлық бұрынғы одақтас республика өкілдерінің көзі ашық, көкірегі ояу қауымы қазақ жастарының 1986 жылғы көтерілісін – империялық коммунистік жүйеге наразылықтың басы, алғашқы қарлығашы деп қабылдағаны әділеттілік.

Тәуелсіздік тарихы дегенде, ең алдымен ауызға аларымыз, елдігіміздің сипаты, мақтанышымыз – осы тәуелсіздікке жа-саған алғашқы қадамымыз және өзге ел-дерге танытқан үлкен өнегіміз 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі болып, тарихымызда мәңгілікке таңбаланары сөзсіз. Бұдан ар-тық қандай елдік мақтаныш, тарих ұлағаты болуы мүмкін?!

Сондықтан да, осынау 25 қазан – Респуб-лика күні ретінде аталып өтілер қарсаңда, әрі еліміздің ең алғашқы Декларациясы қабылданған атаулы мерекесі қарсаңында біз империялық күштердің жанталасқан қарсылығына қарамастан, халықтың тәуел-сіздікке деген арман-тілегіне жету үшін ба-сына төніп тұрған қауіп-қатерге қарамастан жасқанбай, ойын еркін жеткізген жастардың ұлы ерлігінің алдында басымызды июге тиіспіз.

Қазақстандағы Желтоқсан көтерілісінің империялық отаршылдық жүйені құлатуда ықпалды рөл атқарғанын сенімді түрде айтамыз. Себебі, осыған дейін одақтың тарауы жайында, жалпы коммунистік ре-жимнің ақырына жақындағаны туралы сөз қозғалмай келген, нақ осы оқиғадан кейін ғана басқа республикалардан наразы-лық үндер жиі естіліп, бара-бара бел ала бастағаны белгілі. Тіпті, қазақ жастарының осы батыл наразылық қозғалысына бір-неше жыл өткеннен кейін аңысын андап барып, одақтың ыдырауы жөнінде әңгіме-лер туындай бастаған. Сол кездегі тарихи маңызы жоғары ақпараттарға үнілсек, бұл сөздерімізге дәлелдер жеткілікті.

...1989 жылы КСРО-ны конфедерация қағидалары негізінде өзгертудің нақты көріністері байқалды. 1986 жылғы жастар-дың алаңға шығуына себеп болған Г.Кол-бин Қазақстаннан Мәскеуге ауысып, Қа-зақстан КП Орталық Комитетінің бірінші хатшылығына Н.Назарбаев сайланды. Қазақстан Республикасының үкіметін Ұ.Қа-раманов басқарды.

Міне, дәл осы уақыттардан бастап ел өмірінде із қалдырған тарихи өзгерістер бе-лең алды. 1989 жылы мамыр-маусым айла-рында өткен КСРО халық депутаттарының І съезінде ел саясаты мен экономикасындағы және қоғамдық өмірдің әлеуметтік-рухани салаларындағы жағдайларға өткір сын айтылып, коммунистік партия жұмысына талдау жасалды. Кеңес қоғамына төнген дағдарыстың себептері іздестірілді. Қоғам-дық-саяси өмірдің аса маңызды мәселелері төңірегіндегі тартыс бір-біріне қарама-қар-сы ұстанымдағы депутаттар топтарының құрылуына алып келді. Осыған орай ай-мақаралық депутаттар тобы құрылып, әр жерден партия жұмысын сынаған наразы үндер көбейді. Бұл кеңестік коммунистік партия тарихында ешқашан орын алып көрмеген көлденең жағдай еді. Партия билі-гінің күннен-күнге әсірлеп бара жатқаны айқын болды. Ешкімнің тісі батпай келген партия басшылығы өткір сынала бастады. КОКП Орталық Комитетінің бас хатшысы М.Горбачевтан бастап, ірі партия қайраткер-лері Е.Лигачев, П.Соломенцев, т.б. қызмет-терінде кеткен кемшіліктер туралы ашық айтылды. Міне, осындай өткір сынның өрши түсуі бұрынғы режим шаңырағының шайқалуына аз қалғанын айқын байқатты. Демократиялық қоғамға өтудің басталуы одақтас республикалар мен олардың мемле-кеттік құқықтық формациялар арасындағы қатынастардың қалыптасқан практикасын қайта қарауға әкелді. Жаңа Одақтық келісім-шарттың жасалу мүмкіндігі жайлы мәселені 1988 жылы, ең алдымен Балтық жағалауы республикалары ұлттық-демократиялық қозғалысының өкілдері көтере бастаған болатын...

Осыдан соң республикалар өздерінің бөлінетіндігі туралы батыл мәлімдеді. Оларға қарсы көптеген ақпарат құралдары,

теледидар, «Правда», «Современный Рос-сия» газеттері материалдар ұйымдастырып, адам құқығының бұзылғандығы туралы байбалам салғанымен, Кеңестер Одағының сақталып қалуы мүмкін еместігі айқын аңғарылды. Сонымен, КСРО-ны жайлаған саяси дағдарыс одақтың ыдырау үдерісіне алып келді. Дағдарыстан шығудың бір жолы – Президенттік қызметті жүйеге енгізу бола-тын. 1990 жылы 24 сәуірде Жоғарғы Кеңес «Қазақ КСР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қа-былдап, Қазақ КСР Президенті қызметін бекітті.

1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің он екінші шақырылы-мында тарихи құжат «Қазақ Кеңестік Со-циалистік Республикасының Мемлекеттік Егемендігі туралы» Декларация қабылдан-ды. Қабылданған Декларация негізгі 17 тармақтан тұрды. Декларациядағы ең негізгі маңызды тармақтар мыналар болатын:

Декларация алғаш рет басқа егемен республикалармен ерікті түрде одаққа бірі-гіп, олармен келісімшарт негізінде кеңес құратын Қазақ КСР-нің егемен мемлекеті мәртебесін жариялады. Декларацияда Қа-зақстан халқы Қазақ КСР-індегі егемендік-тің жалғыз иесі және мемлекеттік биліктің қайнар көзі деп жарияланды. Ал өз кезегінде Қазақстан халқына республиканың барлық ұлттарының құрамы жатқызылды.

Декларация республиканың барлық азаматтары үшін лайықты және тең өмір сүру жағдайларын жасауға ұмтылысты көрсетті, экономикалық қауіптіліктің қай-нар көзі болып табылатын объектілердің қызметіне және жұмыстарына тыйым са-латын экологиялық қауіпсіздік қағидатын негіздеді.

Декларацияда Қазақ КСР-інің маңызды міндеттерінің бірі – ұлттық мемлекеттілік-ті қорғау және нығайту, төл мәдениетті, салт-дәстүрлерді, тілді жаңғырту мен да-мыту және қазақ ұлтының, Қазақстанда тұратын басқа ұлттардың ұлттық қадір-қасиетін нығайту біріктірілді. Сондай-ақ, Қа-зақ КСР-інің аумағы бөлінбейтін және қол сұғылмайтын болып жарияланды әрі оның келісімінсіз пайдалануға болмайтындығы жария етілді.

Алғаш рет Декларация мемлекеттік биліктің үстемдігін, оның республика ішін-дегі тәуелсіздігі мен толықтығын, сондай-ақ, сыртқы қатынастарда өзінің аумағында КСРО-ның жоғарғы органдарының рес-публикалық егемендік құқығын бұзатын әрекеттерін тоқтату құқығын қамтамасыз етті. Мемлекеттік билікте – заң шығарушы, атқарушы және сот билігіне бөлу принци-тері жарияланды. Қазақ КСР Президенті республика басшысы болды және жоғары әлеуметтік атқарушы билікке ие болды. Заң шығарушы билікті Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі жүзеге асырды, ал сот билігі Қазақ КСР Жоғарғы Сотына тиесілі болды.

Декларацияда алғаш рет конституциялық маңызы бар негізгі мемлекеттік құқықтық нормалар анықталды. Құжатта Қазақстан-ның мемлекеттік егемендігінің барлық атри-буттары, оның өз тармағы мен азаматтығы, азаматтық және ұлттық теңдік, респуб-ликадағы мемлекеттік биліктің үстемдігі, тәуелсіздігі мен толықтығы, Конституция мен заңдардың үстемдігі, меншіктің алу-ан түрі, өзінің жеке мемлекеттік бюджеті және қаржы-несие жүйесі, мемлекеттік қауіпсіздік және ішкі істер органдарындағы халықаралық қатынастарда тәуелсіз су-бъектісінің құқығы, сондай-ақ, мемлекеттік егемендік нышандары – Елтаңба, Ту және Әнұран болуы бекітілді. Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация Қазақстанды тәуелсіз, егемен мемлекет ретінде анықтаған қазіргі ұлттық тарихтағы алғашқы конституциялық маңызы бар акт болды. Ол егеменді қазақ мемлекеттілігін қалыптастыру процесінің басталуын бел-гіледі және ұлттық заңнаманы құрудың негізі болды.

Міне, осылайша Қазақстанның қасиетті тәуелсіздікке жетер жолындағы маңызды қадамын бекіткен, егемендікке бір қадам жақындатқан халық үшін зор маңызы бар құжат – Декларацияның біздің халқымыз үшін қадір-қасиеті осындай. Әрқашан есімізде ұстауға тиіс, тәуелсіз елдің азаматы ретіндегі қасиет тұтар парызымыз осы.

Досжан ӘМІР,
ҚР Жоғарғы Сотының судьясы

ПІКІР

Қазақтың батыры Бауыржан Момышұлы кезін-де «Отан үшін отқа түс – күймейсің» деген. Өйт-кені, Отан – қасиетті ұғым. Отанымызға, туған елімізге адал қызмет ету – біздің азаматтық бо-рышымыз. 1990 жылы қазан айының 25-і күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Қаз КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» Декларация қа-былданып, Қазақстан өзіндік көзқарасы бар жеке мемлекет ретінде таныла бастады.

ЕЛ ӨРКЕНДЕУІ – ЕР МЕРЕЙІ

Бұл Декларация еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қада-мының іргетасы болып айқындалды. Осы құжатты қабылдаған кезде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев аса маңызды және шешуші рөл атқарды.

Бұл акт арқылы әлем картасындағы жаңа мемлекет – Қазақстан Республикасының негізі қаланды. Қазақ елі жеке территориясы мен тілі, діні, азаматтығы бар егемен елге айналды. Осылайша Қазақстан Республикасының туған күні қазақ тарихына алтын әріппен жазылды.

Көк байрағы желбіреген, бүгінгідей абыройлы да айбынды, бедел-ді де берекелі, ынтымағы мен бірлігі жарасқан еліміздің тәуелсіздігі баянды болғай. Дәулетіміз шалқып, береке-бірлігіміз жараса берсін!

Бейсебек НАМАЗБАЙ,
Түркістан қалалық мамандандырылған
тергеу сотының кеңсе менгерушісі

ПАЙЫМ

ОРНЫНДА БАР ОҢАЛАР

Мемлекетіміз тәуелсіздік алғалы мерекелер қатары өсе түсті. Солардың бірі – алдымызда келе жатқан Республика күні. Қазан айының 25-ін енді жыл сайын еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтеміз.



Заман талабына сай Тұңғыш Президент күні мемлекеттік ме-реке тізімінен алынып, Респуб-лика күні ұлттық мереке ретінде қайта тұғырына қонды. Бұл тура-лы Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның кейбір заңнамалық актілеріне қол қой-ғанда «Кинематография, мә-дениет және мерекелер мәсе-лесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу» туралы заңында айтқан болатын.

Отыз жылдық тарихымы-зға оралар болсақ, 1990 жылы қабылданған Егемендік туралы Декларацияның мәтінінде ар-найы «Республика күні» немесе оның мәртебесі туралы ешнәрсе айтылмаған. Тәуелсіздік жолы-ндағы алғашқы талпыныс ретін-де бағаланған бұл құжатта Қа-зақстанның «КСРО құрамынан ерікті түрде шыға алатыны», «халықаралық қатынастың субь-ектісі ретінде сыртқы саясатын айқындап, өзге елдермен дипло-матиялық байланыс орната ала-тыны және БҰҰ тәрізді халықа-ралық ұйымдардың жұмысына қатыса алатыны жазылған. Бұған қоса, аумағында КСРО Консти-туциясы бойынша құқықтар сақталып, КСРО азаматтығын сақтап қаламын дегендерге Қазақ ССР-інің «кепілдік беретіні» ай-тылғаны әлі есімізде. Осындайда «Орнында бар оңалар» деп атам қазақ бекер айтпаса керек.

25 қазанда Қазақстан-ның бүкіл халқының достығы, төзімділігі, жеткен жетістігі, ұлттық стратегиялық мүддесі елімінше насихатталып, патри-оттық, бүгінгі Қазақстан патри-

оттығын айқындайтын фактор-лар әлемге паш етілуі тиіс. Ал 16 желтоқсанды айтар болсақ, бұл бір жағынан мейрам, бір жағынан, қаралы күн десек те болғандай. Бұл күні куанай-мын десең, қанды оқиға есімізге түседі, көңіліміз жабырқайды. Сондықтан, 16 желтоқсанда тәу-елсіздік жолында құрбан болған, егемендікті жақындатқан аяулы азаматтардың рухына бас иетін күн ретінде дәріптелуі тиіс.

Республика күнін тойлау ба-рысында Қазақстан елі, жері, рәміздері, Президент жайлы, пре-зиденттік басқару туралы қысқа-ша деректер БАҚ арқылы беріліп жатса нұр үстіне нұр емес пе?..

Еліміздің жалынды жаста-рының басын бәйгеге тігіп, бо-дандық құрсауынан шығуға ұмтылған қыршын ерлігі бүгін-гі еліміздің жарқын істерімен жалғасын табуда. Бостандық пен еркіндіктің бастауы болып табылатын осы салтанатты күні барша отандасымызға игілік пен бақыт, бақ-дәулет, ырыс тілей-міз. Бұл күн – ата-бабамыз аң-саған армандардың жүзеге асқан, елімізге еркіндік сыйлаған Ұлы күн. Осындай маңызы бар та-рихи думанда еліміздің көк туы асқақтап, келешегі көркейе бер-сін дегіміз келеді. Сіздерге игілік, барлық бастамаларда сәттілік, ертенге сенімділік тілейміз!

Нүргүл ЖАЛАЕВА,
Түркістан облыстық
кәмелетке толмағандар ісі
жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық соты кеңесінің
бас маманы

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БАНК ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕДЕЙЛІК ШЕГІН ЖАҢАРТТЫ

Дүниежүзілік банк қыркүйек айында халықаралық кедейлік шегін 1,90 доллардан 2,15 долларға көтерді. Бұл күніне 2,15 доллардан аз табысы бар кез келген адам кедейліктің ең төменгі жағдайында өмір сүреді дегенді білдіреді. Дүниежүзілік банк есебіне қарағанда әлемде 2019 жылы шамамен 648 миллион, ал 2020 жылдың соңына қарай 719 миллион адам күніне 2,15 доллардан аз табыспен күн көрді. Егер экономикалық өсім онжылдықтың қалған бөлігінде өспейтін болса, жоспарланған, яғни, 2030 жылға қарай төтенше кедейлікті 3%-ға төмендету туралы мақсатты орындалмай қалу қаупі жоғары боп тұр. Кедейлікті азайтудағы жаһандық прогресс тоқтауынан 2030 жылға қарай 600 миллионға жуық адам күніне 2,15 доллардан аз өмір сүруге мәжбүр болады деп болжануда.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, COVID-19 кедейлікті азайтуға бағытталған жаһандық күш-жігерде ең үлкен сәтсіздік әкелді және Украинадағы соғыстың бұл жағдайды ушықтыру қаупі бар. Сондықтан Дүниежүзілік банк кедейлікті тоқтату үшін барлық ел өсуді барынша қамтитын білімге, денсаулыққа, таза суға, санитарияға және ақылды инфрақұрылымға инвестицияларға басымдық беретін саяси шешімдер қабылдауы қажет деп отыр. Бұл адамдарға құрғақшылықтан, аурудан немесе экономикалық күйзелістен кейін қайыршылыққа ұшырамау үшін өздерінің қиын табыстары мен активтерін қорғауға көмектесетін болады.

Осы арада оқырманға барынша түсініктірек болу үшін жаһандық ке-

дейлік шегі туралы да айта кеткен артық болмас. Өйткені, әрбір елдің кедейлік шегі әрқилы. Ол дамыған елдерде жоғары, ал кедей елдерде төмен. Онда адамның ең төменгі тамақтану, киім-кешек және баспана қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайтын сома көрсетіледі. Сол себепті, Дүниежүзілік банк әлемде қанша адам өте кедейлікте өмір сүретінін анықтаған кезде әр елдің ұлттық кедейлік деңгейін қоспайды.

Халықаралық бұл қаржы институты барлық елдегі кедейлікті бірдей стандартпен өлшейтін кедейлік шегін табу үшін 1990 жылы бір топ тәуелсіз зерттеушімен бірлесіп әлемдегі ең кедей елдердің ұлттық кедейлік шегін зерттеп, сатып алу қабілеті паритетінің (PPP) айырбас бағамдарын қолдану

арқылы сол сызықтарды ортақ валютаға айналдырды. Ортақ валютаға айырбасталғаннан кейін олар 1980 жылдардағы өте кедей елдердің алтауында ұлттық кедейлік шегінің құны бір адамға күніне шамамен 1\$ (1985 жылғы бағалар бойынша) болғанын анықтады. Бұл халықаралық кедейлік шегінің негізін құрады. Ал 2022 жылдың күзіне дейін пайдаланылған 1,90 \$ халықаралық кедейлік шегі (IPL) 1990 жылдардағы 15 кедей елдің ұлттық кедейлік шегінің 2011 жылғы МЖӨ-де көрсетілген орташа мәні ретінде алынды. IPL қазір 2017 жылғы МЖӨ-де көрсетілген әлемдегі ең кедей 28 елдің ұлттық кедейлік шегінің медианасы ретінде алынған.

«Миссиямызға сәйкес біз инфляция,

ТАРАЗЫ

валютаның құнсыздануы және кең ауқымды қатар жүретін даму дағдарыстары әсерінен төтенше кедейліктің өсуіне және ортақ әл-ауқаттың төмендеуіне алаңдаймыз. Бұл планетадағы миллиардтаған адам үшін бұлыңғыр көзқарасты білдіреді. Капиталды жаһандық орналастыру тиімділігін арттыру, валюта тұрақтылығын қамтамасыз ету, инфляцияны төмендету және орташа табыстың өсуін қалпына келтіру үшін макроэкономикалық саясатқа түзету енгізу қажет. Егер бұл жасалмаса, қазіргі жағдай – жаһандық өсудің баяулауы, жоғары пайыздық мөлшерлеме, тіпті тәуекелге баруға дайындығының төмендеуі және көптеген дамушы елдердегі тұрақсыздық өзгермейді», – деп отыр

Дүниежүзілік банк тобының президенті Дэвид Малпасс та. Қазақстан Кедейлік деңгейі бойынша әлем елдері рейтингінде қазір 167 мемлекетің арасында 122 орында тұр. Онда 2018 жылғы бағалау бойынша кедейлік шегіндегі халықтың үлесі бізде 5 пайыз деп көрсетілген. Көрші елдерден Өзбекстан 96 пайызбен (2003 жылғы) 7-орында, Түрікменстан 92 пайызбен (1998 жылғы) 21-орында, Қырғызстан 58 пайызбен (2020 жылғы) 57-орында, Тәжікстан 51 пайызбен (2015 жылғы) 65-орында, Иран 18 пайызбен (2019 жылғы) 108-орында, Қытай 24 пайызбен (2016 жылғы) 96-орында, Өзірбайжан 7 пайызбен (2018 жылғы) 118-орында, Ресей 3 пайызбен, (2020 жылғы) 127-орынға жайғасқан.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Ораз БАЙМУРАТОВ,
ҚР ҰҒА академигі, экономика ғылымдарының докторы, Әлеуметтік экономика және қаржы институтының директоры:

– Мәселе Дүниежүзілік банктің халықаралық кедейлік шегін көтерудің емес, елдің өз болашағын айқындап, оған жету жолын дұрыс таңдауында. Болашақтың екі жолы бар. Біреуі үйлесімділік, екіншісі үйлесімсіздік. Қоғамның дамуы рухани емес, материалдық байлыққа негізделетін болса, түптің түбінде қандай ел болмасын ол құрдымға құлайды. Ал материалдық байлықтан рухани байлықты жоғары қоятын елдерді шыңға шығаратын – үйлесімділік жолы. Ол қиын және күрделі ғана емес, ұзақ уақытты қажет ететіндіктен, қысқа мерзімде тез жетістікке жетуге талынғандар үйлесімсіздіктің зардабын шегеді. Оны мен айтпасам да, өзіңіз көріп, естіп, оқып, біліп отырсыз ғой. Өкінішке қарай, болашақтың жолын таңдауда халықаралық қауымдастықтар арасында да ауызбіршілік жоқ. Әркім көрпені өзіне қарай тартқандықтан, әлемдік саясат пен экономиканы бір ізге түсіру ешкімнің қолынан келмей отыр. Экономикалық өсім пайыздық көрсеткіштермен емес, әлеуметтің тұрмыс жағдайымен бағаланады. Елің бай болып тұрып, халқың кедейліктен арыла алмаса, ұлттық жобалардың санынан пайда жоқ. Сапаға жеткізетін сан емес, халықтың өз болашағына деген сенімі мен билік тармақтарының қоғам алдындағы өз міндетін мінсіз атқаруға деген талпынысында.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

Қаржы пирамидаларының не мақсатпен құрылатыны, зияны қандай екені бұқаралық ақпарат құралдарында күнделікті айтылып, заңдағы жауаптылық тұрақты түсіндіріліп келе жатыр. Соған қарамастан, қаржы пирамидасының құрығына түскен қазақстандықтардың қатары азаймай тұр. Көрісінше, бірін-бірі еліктіріп, өзінің алданғанымен қоймай, туыс-жақынын соңынан ерткен азаматтар бар тапқанын алаяқтардың қолына өз еріктерімен салып беруде.

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫНЫҢ ҚАҚПАНЫНА ТҮСКЕНДЕР КӨП

Қаржы пирамидасын құратындардың нені көздейтіні түсінікті. Тақыр жерден кәсіп ашқан олардың тұтынушыларға ұсынатыны жылтыр сөз бен орындалмайтын уәде ғана. Көзі ашық азаматтар қаржы пирамидасының өз басшыларын жасырып, құжаттарын көрсетпейтініне, аз ақша салып көп ақша беретініне, соңынан адам ертуге міндеттейтініне күдікпен қараса керек еді. Алайда қаржылық, құқықтық сауаты төмен жандар қаржысын салатын құрылымның тарихын тексеріп, жұмысын зерделеуге уақыт кетірмейді. Көпшілігі оңай жолмен тезірек байығысы келгендіктен пирамидалардың қақпанына түсіп жатады. Алаяқтарға қатысты істердің бәрі заңды шешімін таба бермейді. Өйткені, алданғандардың басым бөлігі полицияға арызданбайды. Олар алаяқтың арбауына түскенін көпшілікке жария еткісі келмейді. Мұның өзі қаржылық қылмыстың өркендеуіне жанама ықпалын тигізіп отыр. Ғаламтордағы онлайн бизнестің дамуы, әлеуметтік желілерді пайдаланушылар қатарының көбеюі қаржы пирамидасын құрушылар белсенділігін бұрынғыдан да арттырды. Енді тіпті алаяқтар азаматтарды ғаламтордың ар жағында отырып-ақ басқаруға машықтанған. Жаңа технологияны әбден меңгерген қылмыскерлерді анықтау, қолға түсіру, жауаптылыққа тарту бұрынғыдан да күрделене түсті. Әсіресе, мұндай қаржы алаяқтарының әрекетін елге белгілі тұлғалар, әншілер, блогерлердің жарнамалауы «жаңа бизнеске» сенетіндер қатарын көбейткенін айта кеткен жөн.



Қоғамда үлкен талқы тудырған бұл мәселе биліктің де назарынан тыс қалмады. Соған орай қаржы пирамидасына тегеурінді тосқауыл жасайтын заңдық тетік жасау бойынша нақты жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы (инвестициялық) пирамидалары қызметіне қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Бұл құжатта алаяқтыққа, қаржы пирамидаларына қатысты бұрын ескерілмеген мәселелерге құқықтық жауап берілген. Мәселен, заңда қаржы пирамидаларын жарнамалау да қылмыстық әрекет ретінде танылып отыр. Соған орай, енді «мұның пирамида екенін білмей қалдым», «Жарнама жасағаным болмаса, алаяқтыққа қатысым жоқ» деп танымал адамдардың өз әрекетін ақтап алуына жол берілмейді. Жарнама дегеннің өзі бейтаныс тауарды, қызметті

көбейте түскені шындық. Ендеше, заңда жарнама жасаушыларға қатысты жауаптылықтың белгіленуі өте орынды. Жалпы, қаржы пирамидасы – таза алаяқтық ұйым. Заңдағы шикіліктерді өз мүддесіне пайдаланғандар аңқау жандардың есебінен тез байиды. Өкінішке қарай, қаржы пирамидасына салынған ақшаны қайтару мүмкіндігі жоққа тән. Себебі, ол ақша екінші деңгейдегі банктерге салынған депозиттер секілді кепілдендірілмеген. Олардың лицензиялары жоқ. Бұл ұйымдар

мен жасалған келісім заңсыз және шетелдіктерге тиесілі болғандықтан, салынған ақша негізінен қайтпайды. Сондықтан, тұрғындар қаржылық жағынан сауатты болу керек. Қазір осындай ұйымдар атақты қаржыгерлер атын немесе компанияларды пайдаланады. Олар да мұндай әрекетке дер кезінде тосқауыл қойып, өздеріне қатысты берілген осы сипаттағы ақпараттарды түрлі платформаларда теріске шығарып, халықтың арасына мүдделі болуы тиіс. Ал сот судьялары өз тарапынан азаматтардың құқықтық, қаржылық сауатын арттыру бағытында ақпараттық, түсіндіру жұмыстарын үздіксіз жүзеге асырып келеді. Сонымен бірге қаржы пирамидасы, алаяқтық істері бойынша өткен сот отырыстары туралы кеңірек жазып, азаматтарды қылмыс құрбаны болудан сақтандыруды мақсат етіп отырмыз.

Талант ТІЛЕП,
Қызылорда қалалық мамандандырылған тергеу сотының судьясы

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР

БАЙРАҚТЫ ДОДА МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ



Сыр елінің дзюдодан халықаралық турнир өткізіп келе жатқанына көп уақыт болды. Бұл доданы ұйымдастырудағы басты мақсат жасөспірімдер арасында спорттың дамуына, дзюдо шеберлерін көбейтуге ықпал ету. Сонымен бірге, байрақты бәсеке өз елінің гүлденіп, дамуына ерекше еңбек сіңірген Болатбек Сүлейменовтің есімін ел есінде қалдыру, жақсы істі ұрпаққа өнеге ету мақсатында қолға алынған.

«Өз елі өз ерлерін ескермесе, ел тегі, алсын қайдан кеменгерді» деп заманының дүлдүл ақыны Лияс Жансүгіров әділін айтқан. Елді ұйытатын да, халықты жетістікке жеткізетін де – мықты азаматтар. Олардың жанкешті қызметін насихаттау арқылы талапты, еңбекқор жастардың легін қалыптастыруға болады. Болатбек Сүлейменовұлы да бар ғұмырын, күш-қайратын туған жеріне, еліне арнаған адам. Қасиетті Қармақшы елінің төл перзенті, аймақ экономикасын нығайтуға өзінің сүбелі үлесін қосып, ел алғысына бөленген атпал азамат «Қармақшы ауданының құрметті азаматы» атанған. Ағамыз бар саналы ғұмырын туған елінің көркейіп, гүлденуіне, экономикасының өрлеуіне арнаған, аудан халқының жүрегінде өзінің еңбексүйгіштігімен, дарындылығымен, іскерлігімен мәңгі дара тұлға ретінде жатталып қалған. Сонымен қатар, ол кісі Сыр бойы мәдениетін, оның ішінде жыраулық, ат сейістік, палуандық өнердің қайта жанданып, өркендеуіне атсалысты. Осындай ел алдындағы елеулі еңбегін Үкімет бағалап, «Еңбек Қызыл Ту» және «Құрмет белгісі» орденімен және басқа да мемлекеттік наградалармен марапатталды. Ал жыл сайын өткізілетін дзюдо додасы – халықтың еңбекқор перзентіне деген құрметі, ілтипаты іспеттес.

Болатбек Сүлейменовті еске алуға арналған биылғы халықаралық турнир де өз біігінде өтті. «Евразия» спорт кешеніне жан бітіріп, 2003–2005 жылы туылған

жастар арасында ұйымдастырылған ХХІ халықаралық турнирдің ашылу салтанатына тұрғындар көп жиналды.

Шараны облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов ашып, облыста дзюдо спорттығын дамуына үлес қосып жүрген барша азаматтарға және жарысқа демеушілік еткен Б.Сүлейменовтың ұрпақтарына алғысын білдірді. Дзюдодан мемлекеттік жаттықтырушы Жанғос Қонысбаев құттықтау сөзі барысында Б.Сүлейменовтың ұлы, турнирдың бас ұйымдастырушысы Сүлейменов Сағатбекке шапан жауып, оған және облыстағы дзюдо спорттығын дамуына атсалысқан бірқатар жаттықтырушыларға алғыс хат табыстады.

Болатбек Сүлейменовтың қарындасы, медицина саласының ардагері Әсия Сүлейменова өз кезегінде, дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан турнирдің өскелең ұрпақ үшін берері мол екендігін және осы турнирден түлеп ұшып, бүгінгі таңда Әлем, Азия шырдарын бағындырған чемпиондар қатары жылдан-жылға артып келетінін атап өтті.

Жалпы, турнирге еліміздің 17 облысынан және Өзбекстан, Қырғызстан елдерінен 400-ден аса жас палуан қатысты. Шағын аймақты дүбірге бөлеген жарыс екі күнге созылды. Жас татами шеберлері арасында өткен тартысты бәсекенің жеңімпаздары да белгілі. Әр салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен жүйріктердің алдын Бақытжан Аслан, Жұбатқан Нұрсұлтан, Алмат Әділет, Нұрдулет Бақтыбайұлы, Мұхамедәлі Мавлидов, Рауан Назымханов, Нұрсұлтан Қабылан секілді бабы мен бағы қатар шапқан өрендер бастап отыр. Жақсы іс жалғасын тапар болса, дзюдо жарыстарында еліміздің байрағын көкке желбіретер жастар қатары көбейе берері талассыз.

А.САТЫБАЛДЫ,
«Заң газеті»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Біз де сол Ұлттық мейрам болады деп қатты қуандық. Бірақ жағдай қиын еді. Әлі де қазақтардың үлес салмағы аз, халқымыз қырық пайыздан сәл ғана асқан кез. Ұлтшылдар қатары ат төбеліндей ғана. Сонда да қуаныштан бөркімізді аспанға атып жүрміз. Өйткені, республика деген егемен ел, ерікті адамдардың мемлекеті деген сөз. Онда демократия, либерализм, сөз бостандығы, саяси еркіндік болады. Біз осыны сездік.

Жалпы, біз қай жағалаудан кетіп, қай жағалауға келгеніміздің мәніне үйіспек, республика деген мемлекеттің жаны – әдебиет, өнер, мәдениет, ұлт. Осы мәселелердің барлығының мазмұны дұрыс болмады. Мәселен, ұлт тек капиталистік қоғамда болады делінді. Осының салдарынан бізде бұл ұғым қате түсінілді. Ал, мәдениеттің мазмұны социалистік, рухы интернационалдық, түрі ұлттық деген ой анықтама тықпаланды. Мұндай мәдениет бола ма екен? Мәдениеттің мазмұны тек ұлттық болу керек. Біздер соны айтып, мақала жазып жаттық.

Өкінішке қарай, бұл мейрам алып тасталды. Сонымен бірге, республикаға қатысты аталған мәселелер де маңызынан айырылып қалғандай болды. Сондықтан бұл мерекенің қайтып оралуы ел, ұлт тұрғысындағы тұғырлы мәселелерді күн тәртібіне алып келетін тарихи сәт, қазақ халқы үшін тағдыршешті кезең деп айтуға болады.

– Демек, кейбір замандастарымыз айтып жүргендей бұл тек санды ауыстыру немесе жекелеген тұлғалардың популизмі емес қой. Расында, мерекенің аты ғана емес, заты да өзгеріп, бұл үрдіс барша қазақстандыққа зор жауапкершілік жүктеуі қажет қой...

– Республика күнінің оралуы жаңа мемлекет іргесінің қалануы деп ұғу керек. Шынында да солай. Бұл еркін адамдардың мемлекеті. Кезінде біз осы мүмкіндікті пайдаланып, елімізді Қазақ республикасы деп атайық деп ұсыныс тастаған едік. Алайда, бұл идеямыз қолдау таппады. Өйткені, бұл КСРО-дан кетіп бара жатқан жол болатын. Осыны біздің дербес ел болғанымызды қаламайтын күштер түсіне қойды да, өткізбей тастады. Бірақ, осы Декларацияның қабылдануының өзі үлкен өзгерістің басы еді. Енді Республика күнін қайтарып алып отырмыз. Осы тарихи жағдай өз негізін заңнамалық түрде тауып, мемлекеттің нығаюына қызмет ету керек. Яғни, Республика күні заң жүзінде бекітілу керек. Сонан кейін республиканың басқару формаларының тиімдісі тандалуы тиіс. Президент сайлауы өтіп, онан соң Парламент қайта жасақталады. Меніңше, ендігі жерде Парламенттік басқару дұрыс. Өйткені, бұл жүйеде саяси партиялардың ықпалы күшейіп, демократия қағидаттары іске қосыла бастайды. Депутаттардың өкілеттіктері артады. Қазір біздің депутаттарда күш бар деп айта алмаймын. Анау келсе де қол көтереді, мынау келсе де қол көтереді. Өзіндік принцип, ұстаным жоқтың қасы. Қазіргі туындап отырған мәселелердің түп негізі осында жатыр. Сондықтан Парламентке деген халықтың өкпесі қазандай болып отыр.

Республика күнінің қайта оралуына орай саяси институттар, қоғамдық ұйымдар қалай жұмыс жасайды, қандай заңдар қабылдану керек? Дәстүрлер қалай болу керек? Осындай мәселелердің барлығы енді алдан шығады. Өйткені, қазақ халқы ғасырлар бойы дәстүрмен өмір сүріп келе жатқан халық. Бұл жолдан бас тартқызу мүмкін емес. Осы мәселенің бәрін депутаттар көтере бастауы керек. Жанарған Қазақстан дегенде жанарған республика деген сөз шығу керек.

Мемлекеттік құрылым қалай өзгеру керек? Басқару жүйесінде үкімет толып жатқан адамдарымен отыра беру керек пе? Америкалық жолдағы Президенттік басқаруда үкімет қызметкерлері аз, онда бұл оңтайланған жүйе. Бәлкім, министрлерді өз жөніне жіберу керек шығар. Токетерін айтқанда, Республика күні деген ол әшейін тойлайтын мейрам ғана емес, ол енді ойландыратын, қоғамдық және қоғамдық емес институттар жұмысын ширату тетігі. Кезінде бұл мейрамды ұлттық деп айта алмадық. Конституцияда билік иесі қазақ халқы деп жазылмады. Енді осы қателіктердің бәрін түзеуге тиіспіз.

– Осы ретте азаматтыққа қатысты мәселелер де алға шығу керек сияқты...

– Иә, қаңтар оқиғасында, жерге қа-



Ғарифолла ЕСІМ, қоғам қайраткері:

«ДЕКЛАРАЦИЯ ҚАБЫЛДАНҒАН КҮН – ҰЛТТЫҚ МЕЙРАМ»

тысты мәселелерде қазақтардан басқа ұлттар бас көтерген жоқ. Елімізде тұрып жатқан өзге ұлт өкілдері мұндай мәселелерге немқұрайлы қарайды. Мұның өзі Қазақстан азаматтығына қатысты мәселені қайта қарап, бұл тұрғыда елдің мүддесіне қатысты түбегейлі шешімдер қабылдау қажеттігін көрсетеді. Сен Қазақстан азаматысың ба, онда бәріне жауап беруің керек. Бұл жерде қазақ, орыс деген әңгіме болмау керек. Қазір біздегі өзге ұлт өкілдері Қазақстанның азаматы деген төлқұжат алады да, қазақ мәселесінен сырт қалады. Тіл мәселесіне, дін мәселесіне, діл мәселесіне бас ауыртпайды. Қазақ Республикасының азаматы деген ұғым заңды түрде айқындалуы тиіс. Менің түсінігімде еліміз Қазақ Республикасы деп аталып, соған сәйкес Қазақ Республикасының азаматы деген заң шығу керек. Сонда бәрі жазылу керек. Қазақ Республикасының мәселесі тек қазақтардыкі деген сөз болмайды ғой. Оның үстіне, қазір миграция күшейіп бара жатыр. Бұл үрдіске қатысты да заң күшеюі тиіс. Онда ең бастысы қазақ елінің азаматтығын алудың талаптары айқындалуы тиіс. Мұндай ниеті бар азаматтар қазақтың тілінен, тарихынан емтихан тапсыру керек. Бұған қатысты заң көршіміз Ресейде де, өзге елдерде бар. Ал, бізде қазақ тілін білмеу деген қалыпты жағдай.

Өткенде бір облыстағы жиынға барсам, ассамблея мүшелері отыр. Ешқайсысы қазақша білмейді. Балалары да орысша оқиды екен. Мұндай жандар өздерін қалай қазақ елінің азаматы ретінде сезінеді? Бұл мәселені азаматтық алу талаптарын күшейту арқылы жолға қоюға болады. Қазақ тілін білмегендерді азаматтықтан шығарудың да тетіктерін жасау керек. Сосын бізде елден кетіп қалғандардың қайтып келіп, тағы да азаматтық алатын мүмкіндігі бар. Бұл елдің құнын кетіру, тағдырына немқұрайды қарау. Бір кеттің бе, азаматтықтан шықтың ба, болды! Қайтып одан үмітінді үзуің керек. Заң осыған әкелу керек. Ал, қос азаматтық дегенді мүлде тоқтатқан жөн.

Осы тұрғыда көршілес елдерде жақсы тәжірибе бар. Мысалы, Өзбекстанда елден кеткен адамдар үйін сатпай, тастап кетеді. Ал, бізде бұл қып-қызыл сауда. Сол секілді Түрікменстанда қыздар шетелге шығатын болса, басқа азаматтық алатын болса, осында туып, өскені, білім алғаны, мамандық иеленгені үшін ақша төлейді. Жай кете салмайды. Сол секілді ер-азаматтар да шетелге шығарда әскери борышын өтеп кетеді. Бізде де осы талаптар Қазақ Республикасының азаматтығы туралы заңның ішінде болуы керек. Азаматтық, әкімшілік, қылмыстық заңнамаларда да

бұл мәселелер көрініс табуы тиіс. Бұл ретте әсіресе, Неке және отбасы туралы заңнама арнайы өзгерістерге сұранып тұр. Өйткені, шетелге отбасымен кетіп жатқандар көп. Ондағы балалар құқымен ешкім санасып жатқан жоқ. Олар қай кезде азаматтығын жойып алады? Құқы қалай қорғалады? Қалдырып кетіп жатқан балалардың жағдайы қалай болады? Бұл ерекше назар ауда-

...Өткенде бір облыстағы жиынға барсам, ассамблея мүшелері отыр. Ешқайсысы қазақша білмейді. Балалары да орысша оқиды екен. Мұндай жандар өздерін қалай қазақ елінің азаматы ретінде сезінеді? Бұл мәселені азаматтық алу талаптарын күшейту арқылы жолға қоюға болады. Қазақ тілін білмегендерді азаматтықтан шығарудың да тетіктерін жасау керек. Сосын бізде елден кетіп қалғандардың қайтып келіп, тағы да азаматтық алатын мүмкіндігі бар. Бұл елдің құнын кетіру, тағдырына немқұрайды қарау. Бір кеттің де, азаматтықтан шықтың ба, болды! Қайтып одан үмітінді үзуің керек. Заң осыған әкелу керек. Ал, қос азаматтық дегенді мүлде тоқтатқан жөн.

руды қажет ететін мәселе. Олай етпесек зардабы өте ауыр болады.

– Экономикалық тұрғыда да бұдан шегетін зиянымыз аз емес ...

– Өрине. Еш жерде тұрақтамайтын, елімізбен тағдырын байланыстырғысы келмейтін азаматтарда қандай жауапкершілік болады? Бүгін мында, ертең анда. Балаларының тағдырына да алаңдамайды. Бір күндігін ғана ойлайды. Ондайлар үшін тіл, діл, ұлт мәселесінің де еш құны жоқ. Сондықтан азаматтық мәселесіне зор маңыз берілуі керек. Жалпы, өз басым Қазақ Республикасы деген ұғым азаматтарымызға үлкен жауапкершілік жүктейді, еңбекке деген көзқарасын дұрыстап, елдің ертеңіне, болашағына деген сенімін де арттырады деген ойдамын. Ең бастысы, заңдар дұрысталуы керек.

– Тілге байланысты да бір нақты шешім қажет секілді?

– Оған бас қатыратын ештеңе жоқ. Қазақ Республикасының азаматы қазақ тілді жетік меңгеруі керек. Біз Президентке үміткерлерден емтихан алып жатырмыз. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметке қабылданатындардың барлығы осы емтихан арқылы өтуі керек. Ректорлар, министрлер, әкімдер бұл сынақты неге тапсырмайды? Мұндай талап неге тек Президенттіктен үміт-

керлерге ғана қойылады? Сонда қазақ тілі тек Президентке керек пе? Бұл нонсенс! Барлық қазақ елінің азаматы боламын дейтіндер емтихан тапсыруы керек. Сонда мемлекеттік тілге қатысты мәселе өздігінен шешімін табады.

– Бір ел, бір тіл деген концепция ұсындыңыз... Мұндағы мұрат халықтың бірлігі ғой...

– Қазақты бөліп қажеті жоқ. Қай жерде қазақ бар, соның бәрі туысқаны. Қазақ мемлекетінің атын қазақ елі деп қойса да болады деп ойлаймын, Тува елі деген бар. Бұл ұлттан елге трансформация. Біреулер біз әлі ұлт болып қалыптасқан жоқпыз дейді. Мәселе, ұлт болып қалыптасуда емес, қазақ елі атануда. Ұлт мәселесі 1991 жылы шешілді. Тәуелсіздік жарияланды. Ендігі жерде ұлттық мәселенің бәрі тегіс елдік мәселеге ауысты. Қазақ халқының дәстүрі, тарихы бәрі – елдік мәселе. Олар мемлекеттік, қоғамдық деңгейде шешілу керек.

Бізбен бірге өмір сүріп жатқан жұртты біз этникалық топтарға жатқызамыз. Этнос деген ұғым қолданамыз. Қазақ елінде бір ғана ұлт бар. Ол жері, тілі, мәдениеті, тарихы, мемлекеті бар қазақтар. Қазақстан Республикасында заңмен бірге дәстүрдің орны ерекше: Қазақ дәстүрі – қазақ хаттамасы. Одан аттап кету қауіпті. Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар. Оны келе жатқан толқындар өзгертіп отырады. Дәстүрден айырылсақ, халық болмайсың,

тегің бұзылады. Неге ел болу идеясын стратегиялық бағыт деп санаймын? Себебі, қазақ елінің мәңгілігі – әрбір қазақтың емің-еркін өмір сүруінің кеңістігі. Ол ұрпақтар қамы. Ел болу – сонау түркі заманынан келе жатқан арман. Ел болу – болашаққа, келер ұрпаққа ашылар жол. Оны қадірлеп таза ұстау – бүгінгі тірілердің ұрпақтар алдындағы парызы, ата-баба алдындағы

мектепте қалыптасады. Адамда екі нәрсе бар, олар: қабілет және қасиет. Өкінішке қарай, мектепте тек қабілетке ғана жұмыс істейміз. Ал, қасиет ескерілмейді. Бұл иманның әлсіреуіне, тәрбиенің екінші кезекке ысырылуына алып келіп жатыр.

– Қазіргі экономикамызды алға бастырмай отырған жемқорлықтың астарында осы имансыздық жатқанын шыныдық...

– Иә, қасиеттің ұмыт қалуы осы келеңсіздіктің бірден-бір себебі. Заң жағынан болсын, басқа жағынан болсын біз жақсы адамдарды тәрбиелеудің тетіктерін жасауымыз керек. Қазір еңбек құндылық болудан қалып барады. Ержеткенге дейін баланы жұмысқа алмау керек деген ұғым шықты. Бұл мүлде қате пайым. Қайта баланы кішкентайынан еңбекке баули беру керек. Жақсы қазақ болуға тырысу керек. Егер жақсы қазақ болмасаң, еліңе де, жеріңе де, тіліңе де, дініңе де ие бола алмайсың. «Абай жолында» Абай деген жақсы шықты деп, ел оның төңірегіне топтасуға, оны үлгі етуге ұмтылды. Сол арқылы озық ойлайтын, ақылы, парасаты жақсылар шоғыры қалыптасты. Сол секілді қазір небір конкурстар жасап жүрген Марат деген өнегелі адам бар, Роза деген ғажап жан арамызда жүр деп, жақсыларды насихаттап отыру керек. Біздің жастардың бойында қабілет те, қасиет те бар. Тек тәрбиелей білуіміз керек. Қоғамдық институттар

осы бағытта жұмыс істеуі қажет. Жақсы қазақ деген мемлекеттік бағдарлама болу керек. Маған айтса жасап берер едім. Ұсыныс та жасадым. Алайда, мемлекеттік ұйымдар мұндай идея өзінен шықпаса қолдамайды.

– Не көп, бағдарлама көп қой. Олардың бәрі орындалып жатса, ел шеруге иығып, қаңтар оқиғасы секілді бүліктер болмас еді ғой... Соның бірі, мысалы – 2030 стратегиясы. Қазір бұл бағдарлама жайлы айтылмайды да...

– Бұл бағдарламаға байланысты бір жайтты айтайын. Жалпы, 2030 стратегиясының шығуына менің ойым түрткі болған. 1997 жылы Алматы мемлекеттік университетінде жұмыс істеп жүрген кезімде футурологиялық клуб аштым. Бұл болашақ туралы ғылым. Екі-үш жиналысынан соң жаптырып тастады. Сол кезде осы ХХІ ғасыр 2030 жылы туатыны жайлы жиі айтатынмын. «Қазақстанская правда» газетінің тілшісі менен сұхбат алып, осы тұжырымымның мәнісін сұрады. Мен сонда «Біз ХХ ғасыр адамдарымыз. Біз ХХІ ғасырға тән емеспіз. Біздің заманымыз бөлек. Ғасырдың басында келгендер ХХІ ғасырда өмір сүрді, ауасын жұтып, тәрбиесімен, білімімен қалыптасты. Солар ғана ХХІ ғасыр адамдарымыз деп айта алады, солар ғана қоғамды өзгерте алады» дедім. 2030 бас тақырып ретінде беріліп, кейін соның негізінде бағдарлама жасалды. Ол бірақ қате түсініліп, экономикалық көрсеткіштер алға шығарылды. Бұл демографиялық өсімге бағытталған идея болатын. Ол 2030 жылы толық жүзеге асады. Өйткені, ғасырдың басында туғандар қазір 22-де болса, сегіз жылда 30-ға келеді. Олардың алдында тәуелсіздіктің құрдастары бар. Бұл буынның қазір күш-қайраты тасып тұр.

Идея, бастама, рух деген жетеді. Олар қамал алса, ғасыр басында туғандар орда бұзады. Бәрі бірігіп, бұл қоғамды түгел тазалайды. Қандай да бір сыртқы күштердің әсері тиіп кетпесе, бәрін қаттайдай қылады. Маған сенбесеніз, қақп сізгіңізші, тоғызыншы сынып оқушыларымен сөйлесіп көріңізші. Оларда ой басқа, коммуникация басқа. 2030–2035 жылы солар билікке келеді. Мұны Мемлекет басшысы да біліп, ақырындап мемлекетті соған жеткізуді көздеп отыр. Сондықтан қазақ елін өте жарқын болашақ күтіп тұр деп батыл айтуға болады.

– Әумин, айтқаныңыз келсін. Сол күнге жетіп, еліміз өркениет биігінен көрісін!

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

Мемлекеттік қызмет – мәртебелі міндет. Мемлекеттің өркендеуіне, халықтың әл-ауқатының артуына, қоғамның кез келген саласының дамуына тікелей жауапты мемлекеттік қызметшілердің міндеті қандай үлкен болса, оларға қойылатын талап та аса жоғары. Өйткені, олар – билік пен халықтың арасын жалғайтын алтын көпір.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – МӘРТЕБЕЛІ МІНДЕТ



Тұрсын ҚОШАЕВА,
Ақтөбе облысы бойынша соттар әкімшісінің персоналды басқару бөлімінің (кадр қызметі) басшысы

Елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда, мемлекеттік қызметтерді жандандыруда кадрлық мүмкіндік аз ықпал етпейді. Сондықтан, мемлекеттік қызметтің әлеуетін көтеріп, үміткерлер қызығушылығын арттыруға негіз болатын игіліктерге баса мән берген жөн. Салаға білікті, білімді, талап үдесінен шыға білетін әмбебап мамандарды топтастыру үшін де мемлекеттік қызметтің мерейі үстем, мәртебесі биік болуы тиіс. Ал мәртебе мемлекеттік қызметкерге жасалатын жағдаймен, материалдық ынталандыру тетіктерінің жан-жақты енгізілуімен қалыптасады. Әр маман жоғары білім алғаннан кейін оңайлы жұмыс істеп, өз қабілет-қарымын толық көрсетеуі мүмкіндік беретін ортаны іздейді. Кәсіби тұрғыдан дамып, шеберлігін шыңдауына, ой-идеяларын жүзеге асыруына қолдау көрсететін, қамқорлық танытатын ортада қызмет істеуге мамандар әркез дайын.

Сонымен бірге, кадрлардың білімін көтеруге, жаңа бастамаларды игеруіне, уақыт көшінен қалмауына ықпал етіп, қосымша жағдай жасайтын салалар да мамандар арасында үлкен сұранысқа ие. Мемлекеттік қызметшілер үлгілі ісі, озық қызметі, жоғары нәтижесі үшін басшылық тарапынан елеп, ескерілгенде ғана бұрынғыдан да биік жетістіктерге жетуге талаптанатынын ұмытпауымыз керек. Өз қызметінің бағаланатынын, жұмысының ескерілетінін білген маман мемлекеттік қызметтің беделін көтеруге барын салады.

Еліміз ТМД аумағында алғашқылардың бірі болып мемлекеттік қызмет туралы заңнама қабылдап, қызметтік ман-

сап жүйесін енгізгені белгілі. Сонымен бірге, тез арада әкімшілік және саяси мемлекеттік қызметшілердің кадрлық резервін құрды. Қазақстанда бұрынғы кеңестік елдер арасында алғаш рет мемлекеттік қызметке конкурстық іріктеу әдісінің енгізілуі, мемлекеттік лауазымдардың саяси және әкімшілік болып бөлініп, мемлекеттік қызметшілерді кәсібилендіру жөніндегі шаралардың іске асырылуы мемлекеттік қызметке қаншалықты мән берілетінін көрсетсе керек. Мұндай тың үрдістерден ешбір сала шет қалмаған. Мысалы, бүгінде Жоғарғы Сот тарапынан мемлекеттік қызметшілерді ынталандырудың, қажетті жағдайда материалдық тұрғыдан қолдаудың, еңбек нәтижесіне қарап бағалаудың толық тетігі жасалған. Бұл өз кезегінде салаға тек мықтыларды іріктеуге мүмкіндік туғызып отыр.

Мемлекеттік қызметке, мемлекеттік қызметшілерге қатысты жауаптылық пен талаптың да жылдан-жылға күшейтілгені рас. Өйткені, заман бір орында тұрған жоқ. Уақыт көші алға жылжыған сайын мемлекеттік қызмет те жанданып, жетілдірілуі, азаматтардың сұранысына сай дамуы тиіс. Әсіресе, заманауи технология жетістіктерінің мемлекеттік қызметтің қолжетімділігін, жеделдігін арттырып, сапасын барынша көтере түскенін айта кеткеніміз жөн.

Мемлекеттік қызметші кәсіби білігін көтерумен бірге, халықпен қоян-қолтық жұмыс істеуге машықтанып, әдептіліктің ең жоғары үлгісін көрсетуі маңызды. Осыған орай сот саласында да мамандардың әдеп нормаларын қатаң сақтауы басты орында тұр.

Шындығында мемлекеттік қызметші – саланың айнасы. Оның азаматтарды қалай қабылдағанына, киген киімі мен сөйлеген сөзіне, ішкі мәдениетіне қарап мемлекеттік қызметтің бүгіні мен болашағына қатысты пікір қалыптасады. Кейде бір мемлекеттік қызметшінің өрескел қылығы бүкіл бір ұжымның бет-бейнесіне көлеңке түсіруі мүмкін. Сондықтан қазіргі кезде ұжымдық тәртіпке, ынтымаққа ерекше мән берілуде. Мемлекеттік қызметшілердің жұмыс барысындағы басты құралы болып табылатын жаңа Әдеп жөніндегі кодексі жауапкершілік жүгін арттыратын, талаптар ауқымын белгілейтін маңызды құжат. Ол мемлекеттік қызметшілердің моральдық-этикалық келбетін ғана емес, сондай-ақ, олардың өзін-өзі ұстау мәнерінің базалық стандарттарын бекітеді. Мемлекеттік қызметшілер күнделікті жұмысында қарапайымдылық, әділдік, адалдық сияқты принциптерді ұстанған жағдайда ғана мемлекет пен халық арасындағы байланыс пен сенім нығады.

ӘЙЕЛ – ҮЙДІҢ ШЫРАҒЫ

Кемсітушілік адам әлеуетін тұңшықтырады, экономикалық прогреске қажетті таланттарды босқа жұмсайды, әлеуметтік шиеленіс пен теңсіздікті күшейтеді. Бұл сондай-ақ, әлеуметтік оқшауландудың және кедейліктің негізгі себебі болып табылады. Қазақстанның гендерлік саясаты да, әртүрлі атаумен, әртүрлі шарықтау, іркілістерімен осындай заңдылықтар аясында қалыптасты.

Қазір Қазақстан – адам құқықтары бойынша, соның ішінде жыныстар арасында теңдікті қамтамасыз етуге және әйелдер мен балаларды қорғауға бағытталған бірқатар маңызды шарттар мен конвенцияларға қатысушы. Осы бағытта заң қабылданып, мемлекет тарапынан тиісті шаралар әзірленді. Мәселен, Президент жанындағы әйелдер мүддесін көздейтін, мемлекеттік органдар мен халықаралық және үкіметтік емес ұйымдар арасын байланыстыратын Әйелдер істері және отбасылық – демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия 22 жыл бойы толассыз жұмыс істеп келеді.

Президент Қ.К.Токаев жүргізіліп отырған гендерлік саясатқа сәйкес, Қазақстанның даму жағдайында еліміздегі әйелдер қауымына саяси және белсенді азаматтық ұстаным тұрғысынан барынша басымдық берген.

Заманауи әлемде мемлекеттік қызметте болсын, жеке кәсіпкерлікте болсын, әскери істе, ғылымда және өзге де өмірлік маңызды салаларда болсын әйелдердің орны айрықша. Гендерлік бағытта кадрлық саясат жүргізіліп жатқанын, мемлекеттік қызметтің барлық деңгейінде жұмысқа орналасу және қызмет бабымен көтерілу үшін тең мүмкіндіктер жасалғанын, әйелдердің еңбек құқықтарын қорғау қамтамасыз етілгенін, қандайда бір кемсітушілік пен кедергілерге жол бермеу үшін іс-шаралар қолға алынғанын атап өту керек. Бүгінгі таңда әйелдер жоғары шешім қабылдау жұмыстарына түгел араласып жүр.

Қазақстанда 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасының негізгі мақсатының бірі – әйелдің мәртебесін көтеру арқылы отбасы құндылығын арттыру.

Н.ЖИЕНКОЖА,
Қызылорда қалалық мамандандырылған тергеу сотының бас маманы

ТЕМІРҚАЗЫҚ

АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСТІК ЗАҢНАМАДАҒЫ ЭКСАУМАҚТЫҚ СОТТЫЛЫҚ

ҚР Азаматтық процестік заңнамасында (2022 жылғы 1 тамыздан бастап) тараптардың өзара келісімі бойынша істі сот талқылауына дайындау сатысында осы іс үшін, оның ішінде соттың қарауында жатқан істер бойынша аумақтық соттылықты өзгерте алуы, эксаумақтық соттылықты таңдау мүмкіндігі енгізілген.

Сот ісін жүргізу аумақтық соттылықпен тікелей байланыста, яғни ол соттар арасында істерді қарау және шешу туралы құзыреттілігін реттейді. Жалпы, ҚР Азаматтық процестік кодексінің талаптарына сәйкес азаматтық істер аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттарда қаралады және шешіледі, талап қою жауапкердің тұрғылықты жері бойынша сотқа беріледі.

Сонымен қатар, істер мамандандырылған соттарда да, атап айтқанда, көмелетке толмағандар істері жөніндегі соттарда, экономикалық, әкімшілік соттарда да қаралады. АПК-нің 30-бабы соттылықты талап қоюшының таңдауы бойынша анықтайды. Мысалы, өзінің тұрғылықты жері бойынша талап

қоюшы әке болуды анықтау туралы және алименттерді өндіріп алу туралы, онымен көмелетке толмаған балалары бірге тұрған жағдайда некені бұзу туралы, мертігуден немесе денсаулығының өзге де зақымдануынан, сондай-ақ, асыраушысының қайтыс болуынан келген зиянды өтеу туралы талап қоюларды бере алады.

Азаматтық процестік заңнамада эксаумақтық соттылық ұғымы анықталмаған. Сондықтан оны АПК-нің 32-бабында шарттық соттылық деп анықтаған, яғни, тараптарға өзара келісім бойынша істі сот талқылауына дайындау сатысында осы іс үшін, оның ішінде соттың іс жүргізуінде жатқан істер бойынша аумақтық соттылықты өзгерте алу, эксаумақтық соттылықты таңдау құқығы белгіленген. Алайда, кодекстің 31-бабында белгіленген айрықша соттылықты тараптардың келісімімен өзгертуге болмайды.

Атап өтетін нәрсе – эксаумақтық соттылықты қолдану ол тараптардың міндеті емес, құқығы болып табылады. Судья азаматтық іс қозғағаннан кейін оны сот талқылауына дайындау туралы ұйғарым шығарған кезде онда тараптардың эксаумақтық соттылықты қолдану мүмкіндігін түсіндіреді. Ал тараптар болса өз құқықтарын пай-

далана отырып, істі аумақтан тыс соттылықты қолдану туралы өтінішхат келтіре алады.

Екі тараптың өтінішхаттары тіркелген соң, сот кеңсесі іс карточкасында соттың эксаумақтығы бойынша батырмасын тандайды, сол кезде ақпаратты жүйе өз критерийлерін және республика соттарының жүктемесін ескере отырып, қайта бөледі жүзеге асырады, ал өтініш судьяға беріледі. Әрі қарай сот отырысында судья тараптарға істің қандай сотта қаралатыны туралы хабарлап, ол туралы уәжді ұйғарым шығарады. Ұйғарым заңды күшіне енген соң, іс эксаумақтығы бойынша сотқа жолданады.

Эксаумақтық соттылық істі сот талқылауына дайындау барысында тандалуымен, қолданылуымен қоса, жоғары сатыдағы соттармен сот актілерінің күші жойылған кезде, қайта қарауға жолданған істер, жанадан ашылған мән-жайлар бойынша күші жойылған сот актілері оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қаралып, сот актілері күшін жойған кезде де қолдануы мүмкін.

С.ЖУМАШКИНА,
Ақтоғай аудандық сотының судьясы
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

АЙТУЛЫ КҮН

25 қазан – Қазақстан Республикасының Ұлттық мерекесі. Биылғы жылдан бастап бұл күн жаңғырып, Республика күні болып аталып өтілмек. 2009 жылдан, яғни соңғы 13 жылдан бері елеусіз қалған атаулы күнге 2022 жылдан бастап Ұлттық мереке мәртебесі қайтарылды.

Тарихқа көз жүгіртсек, 1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Қаз КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» Декларациясы қабылданды. Қабылданған Декларация Қазақстанның болашақ тәуелсіздігінің іргетасы саналды. Бұл акт негізінде Қазақстан Республикасының негізі қаланды.

Республика күні 1995 жылдың қазан айынан бастап ұлттық мереке мәртебесінде тойланып, 2001 жылы 13 желтоқсанда мемлекеттік мерекелер қатарына енген Республика күні 2009 жылы 22 сәуірде экс-Президенттің бұйрығымен

«QAZAQSTAN JASTARY» ЖАЗАЛЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Алматы қаласының ҚАЗ департаментіне қарасты №11 мекемеде тәрбие жұмыстары үздіксіз жүргізіледі. Мәселен, жақында Алматы қаласы «Qazaqstan jastary» қоғамдық қорының жоба ұйымдастырушысы Нұржау Мадимен «Бас бостандығынан айыру орнынан шыққан адамдарды әлеуметтік бейімдеуге бағытталған жоба» негізінде кездесу өтті.

Кездесу барысында көмелеттік жасқа толмаған жазалы жасөспірімдерге заңгерлік кеңес және психологиялық көмек көрсетілді. Психолог Жанна Ғайни және Гүлнар Нургалиева, Назира Байбатырова секілді адвокат мамандар жазалы жасөспірім-

дерді жеке қабылдап, заңгерлік кеңес, психологиялық көмектерін, болашақта деген бағыт бағдарын нұсқады. «Qazaqstan jastary» қоғамдық қорының жоба жетекшісі Нұржау Мад



осындай жобалар алдағы уақытта да жалғасатынын, бас бостандығынан айырылған адамдарды әлеуметтік бейімдеу мақсатында басқа да игі шаралар атқарылатынын айтты. Заңгерлік кеңес пен психологиялық көмек балалардың көңілінен шықты.

Кездесу соңында келген қонақтарға мекеменің САӨПТЖБ бөлімінің бас-тығы, әділет подполковник А.Бәзілбаева шексіз алғысын білдіріп, болашақта да осындай кездесулер жиі болатынын айтты. Жастарды, әсіресе, жасөспірімдерді жаман әдеттерден жирендіру арқылы қоғамға пайдалы адам ретінде дұрыс тәрбие беру, оларға түзу жол көрсету басты мақсат.

Еркетүл ЖЕҢІСХАН



БІР МҮДДЕ

Мемлекеттік тіл – мәртебе, кие, құндылық, сабақтас-тық. Өзінің Отаны, елі, мемлекеті, ағайын туысы бар кез келген азамат ана тілінен қол үзбейді. Туған тілі арқылы ол айналамен қарым-қатынасқа түседі, әріптестік орнатады, білім-білігін көтереді, тәжірибе алмасады. Әлем халықтары да шағын мемлекетті танып білгенде, зерттеп қызығушылық танытқанда ең алдымен іздейтін, түгендейтін құндылығы да осы тілі.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ БІЛУ ПАРЫЗ

Қазақстан – тәуелсіз ел. Оның да өзге тәуелсіз елдер секілді аумақтық шекарасы, жері, елі, мемлекеттік рәміздері, одан бөлек мақтанышына айналған тілі бар. Қазақстандағы мемлекеттік тіл –қазақ тілі.

Қазақ тілі ежелден қалыптасып, сөздік реті, грамматикалық, функтуа-циялық, фонетикалық тағы басқа да ерекшеліктері ғылыми тұрғыда нақтыланған, әуезді де әдемі тіл. Ел тәуелсіздігін жариялап, жас мемле-кет болашаққа бағытын айқындаған тұста мемлекеттік тілдің де мәртебесі көтеріліп, пәрмені артты. Барлық сала мемлекеттік тілдің дамып, көркеюіне өзіндік үлесін қоса бастады. Оның ішінде елдегі сот саласы да мемлекет-тік тілге түбегейлі бет бұрды. Бүгінгі таңда сот саласының мамандары, судья немесе өзге де қызметкерлері ана тілінде сөйлеп қана қоймайды, процес-терді де мемлекеттік тілде жүргізіп, іс қағаздар айналымын да қазақ тіліне көшірді. Қазіргі таңда сот саласындағы құжаттар қазақ тілінде толтырылады. Онлайндық формат, сандық жүйе де мемлекеттік тілге бейімделді. Қазір кез келген азамат электронды құжаттарды

мемлекеттік тілде толтырып элек-тронды түрде сол тілде жауаптарын ала алады. Соттың іс материалдары да көп ретте мемлекеттік тілде рәсім-деледі. Қазақ тіліне қамқорлықты кез келген азамат өзінен, өзінің отбасынан бастағаны абзал. Қазір көп ретте ба-лаға қазақ тілін үйретуді мектеп табал-дырығын аттай сала оқыту қажет деп жүр. Шындығында, қазақ тіліне деген жанашырлық әркімнің өз отбасында, жеке шаңырағында бастау алуға тиіс. Желкілдеп отырған жеткіншегін туған тілін қадірлеуге, сол тілде сөйлеуге үй-рету, мемлекеттік тілде сөйлеуге баулу тікелей осы ата-ананың мойнындағы абыройлы міндет. Ата-анасы мем-лекеттік тілде сөйлемесе баласынан үлгілі әрекет күтпеңіз. Сондықтан, мемлекеттік тілге деген қамқорлық біздің әрқайсысымыздың өз ішіміз-де орнығуға тиіс. Сонда ғана біз өз еліміздің, туған тіліміздің патриоты, жанашыры бола аламыз.

Ерасыл ОҢДАБАЕВ,
Алақол аудандық сотының бас маманы, сот отырысының хатшысы
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

ІНДЕТ

ЖЕМҚОРЛЫҚ ЕЛ ДАМУЫНА КЕДЕРГІ

Сыбайлас жемқорлық ел экономикасының көтерілуіне үлкен кедергі келтіретін ең басты қауіп-қатер. Сондықтан оның алдын алу мақсатында елімізде көптеген іс-шаралар жоспарланып, жүзеге асырылып жатыр. Ел Президенті Қасым Жомарт Тоқаев та жемқорлықтың түп-тамыры жойылғанша күрес жүргізілетінін қадап айтты. Осылайша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекет саясаты-ның басым бағыттарының бірі ретінде айқындалып отыр. Стратегия мемлекеттің алдағы жылдардағы жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі өзегі. Жемқорлық деңгейін түбе-гейлі қысқарту, қоғам өміріндегі, түрлі саладағы жемқор-лық тудыратын себептерді жою, қабілетті превентивтік сипаттағы кешенді шаралардың жетекші ролін жүргізу міндеттері мемлекеттік бағдарламалар өзегінде жатыр. Стратегияның мақсаты – жемқорлық масштабын азайту, мемлекеттік органдардың ашықтығы мен квазимемлекеттік, жеке секторлардың ашықтығын қамтамасыз ету. Осылайша елдегі күрестің басты назары сыбайлас жемқорлықтың салдарымен емес, оның алғышарттарын жоюға аударылу-да. Қоғамдық өмірдің барлық саласына еніп кеткен бұл

індеттің, алдын алу үшін елімізде институционалдық және құқықтық база қалыптасқан. Сонымен қатар, еліміздегі сы-байлас жемқорлық деңгейін төмендету бағытында жасалып жатқан пәрменді шараларды халықаралық ұйымдар жоғары бағалап отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресу мемлекеттік саясаттағы негізгі басымдықтың бірі екенін үнемі айтып жүр. Және өзінің тапсырмасында жемқорлық әрекеті үшін сотталған азаматтарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға тыйым салды. Соттарға, құқық қорғау қызмет-керлеріне, пара бергендерге және делдалдарға қатаң жаза қолданылатын болды. Оның пікірінше, заң үстемдігін ор-натып, нағыз құқықтық мемлекет құру үшін, ең алдымен, жемқорлықтың тамырына балта шабу керек.

Б.КАЛАКОВА,
Батыс Қазақстан облыстық қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты кеңсесінің жетекші маманы

КИЕ

ҰЛТ БАЙЛЫҒЫ

Тіл – ұлттың аса ұлы игілігі, өрі оның ажырағысыз белгісі. Қандай да бір халықтың болмысы, өркениеттілігі, сана-лылығы, кең мағынасында сауаттылығы сол тілдің қол-даныс ауқымдылығының кеңдігімен өлшенеді. Еліміз еге-мендік алып, ана тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, қолданыс өрісі кеңейді.

Сот ісін жүргізу тілі қазір мемлекет-тік тілге ойысты. Қазақстанда сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, со-нымен бірге орыс тілі ресми түрде қол-

данылады. Құқықтық тұрғыдан алған-да сот ісін мемлекеттік тілде жүргізу нормасы жоғары. Қазақстанда сот ісін жүргізу тілі қазақ тілінде деп нақты

айту қажет. Ендеше, сот ісін мемлекет-тік тілде жүргізу үшін ешқандай қы-сыр сөз, дау-дамай туындамауы тиіс. Ана тіліміздің толыққанды мемлекет-тік тілге айналуына біріміз біркісідей ат салысуымыз керек. «Ана тілін білмейтін адам мәдениетті адам сана-тына қосылмайды», – деп М.Әуезов айтқандай, тіл – аса қадірлеп ұстайтын байлық.

А.АЛИМАНОВА,
Қаракия аудандық сотының бас маманы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ЖАРНАМА

ӨРТУРЛІ

Алдағы сактандыру портфелін беру туралы сактанушыларға (пайда алушыларға) ХАБАРЛАНДЫРУ

«Сактандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы заңының 37-1-бабы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 ж. №262 қаулысының, Директорлар кеңесі 2022.10.18 шешімінің негізінде №42 хаттама, «Коммекс-Өмір» Сактандыру компаниясы» АҚ, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 22.01.2019 ж. берген «жалпы сактандыру» саласы бойынша сактандыру (кайта сактандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына №2.1.63 Лицензия, келесі мекенжай бойынша орналасқан: Алматы қаласы, Наурызбай батыр көшесі, 19, тел.:+7 (727) 244 74 00, +7 701 244 74 00, заңнама талаптарын орындау үшін сактандыру (кайта сактандыру) шарттары бойынша, оның ішінде қолданылу мерзімі өткен, олар бойынша «Коммекс-Өмір» СК» АҚ сактанушылар (сактандырылушылар, пайда алушылар, кайта сактанушылар) алдында міндеттемелері болатын немесе болашақта міндеттемелердің туындау ықтималдығы бар сактандыру (кайта сактандыру) шарттары бойынша қабылданған тәуекелдер бойынша «Коммекс-Өмір» СК» АҚ міндеттемелерінен тұратын сактандыру портфелінің келесі сактандыру түрі (сыныбы) бойынша лицензиясы бар басқа сактандыру ұйымына (ұйымдарына) беру туралы хабарлайды.

«қызметкері еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сактандыру.

Сактандыру портфелін берудің басталуы 2022 жылдың 1 қарашасы. Сактандыру портфелі берілетін сактандырушы-сатып алушыны таңдау туралы Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын екі мерзімді баспа басқалымында, қазақ және орыс тілдерінде және «Коммекс-Өмір» СК» АҚ интернет-ресурсында хабарландыру жариялау арқылы қосымша хабарланатын болады.

Сондай-ақ, «Коммекс-Өмір» СК» АҚ компанияның барлық органдарының өкілеттіктері шектеусіз өзгеріссіз қалатынын хабарлайды.

Сактандыру шарттарын беруге келіспеген жағдайда сактанушылардың қарсылықтары жазбаша нысанда, бас кеңесінің орналасқан жері бойынша: Алматы қ., Наурызбай батыр көш., 19, осы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде ұсынылады.

Осы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде сактанушының (кайта сактанушының) жазбаша қарсылығының болмауы сактанушының (кайта сактанушының) осы баптың 1-тармағының 2) тармақшалында көрсетілген сактандыру сыныптары бойынша сактандыру портфелін беруге келісімі ретінде қаралады.

Сактанушының (кайта сактанушының) кепілдік берілмейтін сактандыру сыныптары (түрлері) бойынша сактандыру портфелін беруге жазбаша қарсылығын алған жағдайда, осы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде сактандыру (кайта сактандыру) шарты бұзылады.

Қайта сактандыру бойынша сактандыру портфелін беру қайта сактанушының (цеденттің) осындай беруге келісімі болған кезде ғана жүзеге асырылады.

2. «DarLogisticGroup» ЖШС жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Несиегерлердің жазбаша талап-шағымдары мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Республика алаңы, 13, тел.: 334-03-61.

6. «Махамбет 2022» ЖШС, БСН 071040021027, ұйымы, «Махамбет 2022» ЖШС, БСН 071040021027, жарғылық капиталды азайту туралы, сондай-ақ, құрылтайшылар құрамының өзгергені және қатысушылар үлесінің азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар Атырау қаласы, Сәтпаев көшесі, 13А, 4 қабат мекенжайы бойынша қабылданады. Тел.: 87017507741.

10. Бурабай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің жанындағы «Тазалық Сервис» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, БСН 050640002958, Бурабай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің жанындағы «Бурабай Жылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына, БСН 071140003914, қосылады. Шағымдар газетте жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Шүчинск қаласы, Набережная, 73 мекенжайы бойынша қабылданады.

11. Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылғы 13 қазандағы ұйғарымымен «Акмоладорсервис» ЖШС-не қатысты, БСН 980340003116, оңалту рәсімі басталды. Кредиторлардың талаптарын қабылдау Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Бөгенбай батыр даңғылы, 32/1, 23-пәтер мекенжайы бойынша жарияланған күннен бастап бір ай ішінде жүзеге асырылады. Тел. +7 (717) 264-34-55.

12. «ҚазКөмірТранс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 931108300013) «ҚазКөмірТранс» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталының 1 000 000 (бір миллион) теңгеге дейін азайғаны туралы шешім қабылдағанын хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 (бір) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 050045, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Нұр Алатау» шағынауданы, Еркеғали Рахмадиев көшесі, 21 үй.

13. «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР заңының 2-тармақшасына және 43-бабының 13-тармақшасына сәйкес, «Мұнай инвестмент групп» ЖШС басқармасы 2022 жылғы 25 қарашаға сағат 10.00-де (тіркесу сағат 9.00-ден басталады) қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналысына шақырады. Орналасқан мекенжайы: Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 49.

Күн тәртібінде:

- Серіктестіктің атқарушы органының құрылуы: үш мүшеден тұратын басқарма: Басқарма төрағасы, басқарма төрағасының орынбасары және басқарма мүшесі.
- «Мұнай инвестмент групп» ЖШС мен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ арасында кредиттік желі сомасын 900.000.000 (тоғыз жүз миллион) теңгеге дейін ұлғайту туралы және кредиттік желі мерзімін 03.04.2028 жылға дейін ұзарту туралы жасалған кредиттік желі беру туралы келісімге қосымша келісім жасасуы мақсұлу туралы.
- Қаржыландыру шарттарының өзгеруіне байланысты «Мұнай инвестмент групп» ЖШС мүлкін «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-на кепілге қоюға және соттан тыс сатуға келісім беру туралы.
- Басқарма Төрағасына «Мұнай инвестмент групп» ЖШС атынан барлық қажетті іс-қимылдарды жүзеге асыруға өкілеттік беру туралы.

«Мұнай инвестмент групп» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібі ҚР заңнамасында және «Мұнай инвестмент групп» ЖШС жарғысында бекітілген тәртіппен өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін.

Кворум жиналманды жарғайда қатысушылардың жалпы жиналысы 2022 жылғы 26 қарашада сағат 10.00-де қайта шақырылады.

Жалпы жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша алуға болады.

Жиналыс «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР заңының 47-бабында белгіленген тәртіпке сәйкес өткізілетін болады.

ТАРАТУ

3. «Ақтөбе қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Мүгедектерге әлеуметтік көмек орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 210340018719 (Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Некрасов көшесі, 112), өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Батыс 2 ықшамауданы, 9/4 үй 1, 28 пәтер. Тел.: 87784703396.

7. «QazFerroAlloys» ЖШС, БСН 200240037999, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды қаласы, Әлихан Бөкейхан ауданы, есептік квартал 018, құрылыс 387. Тел.: 87476884831.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилева Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхамет-ханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Қөкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұргисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

Баспасөз – 2023



Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемид» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,

ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 3638,40 ТЕҢҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 7276,80 ТЕҢҒЕ

ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 3844,80 ТЕҢҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 7689,60 ТЕҢҒЕ

заңды тұлғалар үшін – 15921

ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4538,40 ТЕҢҒЕ , 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9076,80 ТЕҢҒЕ

ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4744,80 ТЕҢҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9489,60 ТЕҢҒЕ

✉ zanreklama@mail.ru

8. «МҚҰ Займ Plus Finance» ЖШС, БСН 180140002906, өзінің тара-тылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жария-ланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда бойынша қабылданады: Қазақстан, Манғыстау обл., Ақтау қаласы, 8 шағынаудан, 7 үй, 87 пәтер. Тел. 87789091931.

МҰРАҒЕРЛІК

4. 28.04.2022 ж. қайтыс болған аз.Сыздықов Закир Сарсенбаевичке қатысты мұрагерлік істің ашылуына байланысты мұрагерлеріне және мүдделі тұлғаларға Қызылорда обл., Шиелі ауд., Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі, н/ж, «Шанырақ» сауда орталығы мекенжайында орналасқан жеке нотариус А.Есимхановқа хабарласуыңыз қажет. Тел.: 87014743502.

9. 11 тамыз 2022 жылы қайтыс болған Қуатбаев Бауыржан Узақбайұлының артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ә.Б.Әкімханға келулеріңіз керек: Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Орынтаев көшесі, 60/2. Тел.: 87773677972.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызыл-орда қ., Әйтеке би көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді кө-шесі 158 а, ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қа-зақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журнал-дарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiity.kz, e-mail: vsagezeta@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даң-ғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарланды-руды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көше-сі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

БАЙҚАУҒА

Айдардың асыл тұқымды тазысын ұрлап кетіпті деген хабар бозарып атқан таңмен бірге бүкіл ауыл тұрғынын елең еткізді. Кәрі-құртқа мен бала-шағаның ас-суы үшін ғана жайлауға жібермей, қол-да ұстап отырған сауын сиырын падаға қосуға келгендер арқылы бүкіл ауылға тараған бұл оқиға әрбір үйде қызу талқы-ланып жатты.

– Ұры алыстан келмейді. Түнде үйде ешкімнің болмайтынын біліп, Айдардың ғана емес, күллі ауылдың көз қуанышы болып отырған тазының қолды болуына ауылдағы біреулердің қатысы болуы мүмкін. Кім болса да, ұяттан безген безбүйрек екен. Ұсталса бүкіл елдің алдына шығарып маскарасын шығару қажет. Мұндай адамдарға аяушылық болмауы керек, – деді өз үйінде таңғы астағы дастарқан басындағы әңгімені түйіндеген Жомарт.

Жақында ғана ауылдастарының қолқалауымен – 100 шақты түтіні бар шағын ауылдың жігіт басы болып сайланған оның бар ойы ұрыны тезірек әшкерелеу болып отыр. Кеше таудағы малды бір түгендеп қайтайын деп отырған күйеуіне түндегі оқиғаның қатты әсер етіп отырғанын қас-қабағынан аңғарған Жәмила қайын атасы ас қайырған соң бірден ыдыс-аяғын жинастыруға кірісті. Өзінің терең ойдың құшағына еніп кеткенін енді ғана аңғарған Жомарт орнынан көтеріліп, ауылдың ең шетінде тұратын Айдардың үй жағына барып мән-жаймен толық танысып қайтпақ болды. Жолда кездескендердің бәрінен: Сендер кеше не түнде бөтен адамдарды не көлікті көрген жоқ-сыңдар ма? – деп сыр тартуға тырысты. Алайда ешкім ешнәрсені көрмеген, не ол туралы естімеген. Айдардың тазысының аяқ астынан ұшты-күйлі жоғалғанын ең бірінші боп көршісі Ыспандияр аңғарып-ты.

– Өзім ит ұстамасам да тектілігімен өзіне тәнті етіп жүрген бұл тазыға әбден бауыр басып қалғанның бірі менмін. Бүгін азанда тұрғанда ол әдеттегідей қора жанындағы үюлі шөпте жататын үйреншікті орнынан көрінбеді. Мал жайғап болған соң бұған не болды екен деп атын атап шақырып едім, оған да келмеді. Бұрын оның өз бетімен ауладан ұзап шыққанын көрген емеспін. Үйдегілерден сұрап едім, балалар жатар алдында көргендерін айтты. Көңілім бір жамандықты сезіп, екі үйдің арасындағы есік арқылы Айдардың ауласын қарап шықтым. Қақпа жабық тұр екен. Өзге көршілерден сұрап көрдім, олар тазының жоғалғанын менен естіді, – деген Ыспандиярдың жүзінен бұл жағдайға қатты алаңдап тұрғаны байқалды.

– Енді не істейміз? Айдар үй ішімен көрші аудандағы балдызының тойына кеткен. Арнайы табыстап кетпесе де көрші ақысы тәңір ақысы дегендей мынау ашық күнде аспаннан жай түскендей жағдай боп тұр. Кім қандай ой қосады, – деген ол сен не дейсің дегендей Жомарттың өзіне қарады.

– Осы уақытқа дейін бұл ауылда ұрлық жасалды дегенді көрмек тұрмақ естімеген едік. Өрісте жүрген мал болса бірсәрі, аулада өзімен өзі жүрген асыл тұқымды тазыны арнайы жасанып келген адам ғана қолды етуі мүмкін. Айдардың келуін күтпей учасковыйға хабар бергеніміз дұрыс шығар. Полицияның құрығы ұзын ғой, солардан бір қайран болмаса бізден қайыр болмайтын сияқты. Кім қалта телефонын жанында ұстап жүр, хабарласып айтсын. Уақытында айтпадыңдар деп, кейін өзімізді кінәлі етіп жүрмесін, – деген жігіт басының сөзін өзге азаматтар да қоштай жөнелді. Сол арада учасковыйға хабарласқан біреу «ауданға хабар бердім» деген жауабын да жеткізді.

Шаруа жайын сөз етіп, биыл да қой жүнінің бағасы төмен боп тұрғанын әңгіме еткен олар күн көкжиектен арқан бойы көтерілгенше тараған жок. Алайда ауыл мен аудан орталығының арасы бір сағаттық жол болса да полиция қызметкерлерінің қарасы көріне қоймады. Оларды күте-күте тағаты таусылған жұрт амалсыз үйді-үйіне тарай бастады. Өзгелер секілді Жомарт та түс ауғанша ұсақ-түйек шаруамен өз үйінде уақыт өткізіп жүрген. Бір уақытта баласы сізді телефонға шақырып жатыр дегенде шаруасын тастай салып жүгіре жөнелді.

– Ало, бұл Жомарт па?

– Иә.

– Мен учасковыйларыңыз Қанатпын ғой. Сіз қайдасыз? Біз Айдардың үй жағында тұрмыз. Тез кеп кетесіз бе? Көмегіңіз керек боп тұр.

– Қазір барам – деп, есік алдындағы баспалдакқа отыра салып, балам көшеге киетін аяқ киімімді әкелші деген Жомарт арада бір минут өтер-өтпестен қақпадан шығып бара жатты. Жақындағанда

кетіпсіндер ғой учасковыймен. Ұры-карыны табады деп сенім артып отырған мына полициямыз не деп жатыр? Түрлеріне қарасам қылмысты ашуға емес, тездетіп жабуға келген сияқты ғой, – деді кетік тісін ыржитып, екі езуі екі құлағына жетердей боп тұрған Өсет құрдасы. – Жай әшейін жұмыс жайын сөз еттік, – деген Жомарт мына пәлекет бәрін қалай сезіп тұр-ей деп ойлаған.

ТҰЙҒЫН

байқады, онда бір емес, екі бірдей полиция көлігі тұр екен. Бала-шағасы аралас бір топ ауыл тұрғындарының арасынан формамен жүрген полиция қызметкерлері бірден көзге түсті.

Жомартты көре салып, алдынан шығып оңаша әңгімесі барын



аңғартып, бірден қолтықтап көшенің екінші бетіне ертіп ала жөнелген Қанат: – аға, аудан орталығына Мәдениет жәнат спорт министрінің орынбасары бастаған Ұлттық спорт түрлері қауымдастығынан бір топ делегация келген еді. Әкім мына жағдай олардың құлағына жетіп жүрмесін. Округ әкімі және ауылдағы жігіт басы мен ақсақалдар алқасы төрағасымен ақылдасып, мәселені ушықтырмай бір жайлы етіп қайтыңдар деп тапсырды. Не істейміз? Ешкім, ешнәрсө көрмеген, – деді біреу қуып келе жатқандай асығыс-үсігіс өз бұйымтайын айтқан ол.

– Мамандар не деп жатыр?

– Мамандар да үй маңын түгел шолып шықты. Ілік болар ештеңе табылмай тұр. Көршілерден де түсініктеме алдық. Айдардың өзі жолда келе жатыр екен, 10-15 минутта жетем деген. Сөзіңіз өтеді ғой, оған да мына жағдайдың бүкіл аудан үшін үлкен ЧП болғалы тұрғанын түсіндірсеніз. Көрші аудандағы әріптестерімізге де құлаққағыс етіп қойлық, бір мәлімет болса дереу хабардар етеді. Сойып жеп қоятын мал емес. Қайда кетер дейсіз. Біреу қалжыңдап бір жерге тығып қойған шығар. Не көшедегі ылыққан иттерге еріп кетуі де мүмкін ғой. Арыз жазып, елді шулатпай-ақ қойса дегенге қалай қарайсыз?

Иесі мен емес, Айдар ғой. Өзіне айтқндар. Сіз де бір ауыз айтсаңыз. Жігіт басы деген дардай атыңыз бар.

Сөзіңізді жерге тастамас. Түсінігі бар кісі еді ғой.

Әңгіме ауаны осылай өрбіп келе жатқанда қызыл түсті аудидың сигналы бұзып жіберді. Өз үйінің қақпасына келіп көлік тұмсығын тіреген Айдар одан бірінші боп түсіп, жиналған топпен аман-даса бастады. Көзі жасқа толған 4-6 жас шамасындағы екі баланы жетектеген Айдардың анасы мен әкесі аудаластарының сәлемін алған соң, сыртта тұрмай, ішке кіріңдер деп үйге қарай жол бастады. Бүйірден тұрткен қолдан селт еткен Жомарт артына жалт қарады.

– Қызылбөрікше оңаша шүйіркелесіп

ШЫТЫРМАН

сыртқа шыққанда ғана қасына тазысын ертіп, жол бойында кезіккен қоян, түлкі, борсық, қарсақты қанағат тұтатын. Мұндай сапарларда қанжығасының бос қайтпайтыны көрші-қолаңға ғана емес, күллі ауылдастарына аз уақытта-ақ әйгілі болды. Жылқы іздеп жүріп даланың нағыз көкжалын олжалап қайтқан соң тазысын сатып алуға қолқа салатындар пайда бола бастады. Кейбіреуі алыстан іздеп келсе, енді біреулері тамыр-таныстарын салып түрлі сомадағы қаржы ұсынып жүрді. Қаражатқа мұқтаж емесін және тазы сатты деген атқа да қалғысы келмейтінін, оның үстіне, өзінің ғана емес көрші-қолаңның балалары да бұл тазыға әбден бауыр басып қалғанын, олардың да көңіліне кірбін түсіргісі келмейтінін айтып ақталған оның сөзіне біреу басын шайқаса, біреу ойланып жатсаң хабарлас деп телефонын қалдырып жүретін. Кейін тазының аяқ астынан қолды болуына бөтен біреу емес, туған балдызының қатысы барын білгенде қатты таңғалды.

Келуінен кетуі тез болған полицияның ұрыны табатынынан өзгелер секілді Айдардың да үміті үзілген. Ай артынан ай өтіп, жыл толған кезде ғана бұл ұрлықтың кездейсоқ жағдайда ашылары ой түгілі, түсіне де кірмеді. Бірде сабақтан қайтқан ұлы – әке балалар инстаграмнан біздің Тұйғынға ұқсайтын тазыны көріпті. Олар маған сілтемесін жіберді. Шынында да сол сияқты, – деп смартфонь ұсынды. Не сенерін, не сенбесін білмей аң-таң боп тұрған Айдар тойханалардың бірінен түсірілген бейнежазбаға еріксіз көз жүгірткен. Тазы жетектеген бір жігіт еріксіз назарын аударды. Бойы әдеттегі тазылардан біршама биіктеу және тұрқы да ұзын, түгі де аса тықыр емес өз тазысы көзіне оттай басылды. Жазбаны қайта-қайта қосып қарады. Иә, өзінің Тұйғыны. Тек сәл толысқан секілді. Көзінен де саятқа шыққан кезде көретін өзіне таныс ұшқынды байқай алмады. Жүзі тым салыңқы көрінді.

– Мұны кім жариялапты? Телефоны бар ма?

– Видеоны жариялаған аккаунт иесінің есімі жазулы тұр. Оған сабақта жүргенде достық жіберіп, қаралама да жазам. Мессенжерді қарайын, телефоньымды берікізші? Жауап жазбапты.

– Қап еттгенен-ай! Енді не істесек болады? Осы әңгімеден кейін бір күннен соң Айдар учасковыйға хабарласып, бейнежазбаның сілтемесін оған да жіберген.

– Өзім де Сіздің алдыңызда ұятты боп жүр едім. Иығымдағы жүкті сәл де болса жеңілдетіп тастадыңыз. Ендігі шаруаны маған тапсырыңыз, осы жолы қайтсем де итіңізді тауып, аман-сау қайтаруға бар күшімді жұмсаймын, – деген Қанаттың сөзі үзілген үмітті қайта оятып, көңілге демеу болғандай еді. Арада тағы да күн аптаға, апта айға созылып, бір емес бірнеше маусым ауысып үлгерді. Хабарласқан сайын іздеу жұмысы жалғасып жатқанын айтқан учасковыйдың сөзінен кейін, бұлар мені тағы да алдаусыратып жүрген шығар деп Айдар да тазының табыларына сенер-сенбесін білмей қалды. Бірде отбасылық дастарқан үстінде тазының әңгімесі қозғалған кезде мен тағы бір көрейінші деген Жәмила той қызығын тамашалап тұрған адамдардың бірін шырамытып отырғанын айтты. Үйдегілердің бәрі оның аузына қарап, тезірек есіне түсіруін күтіп отырған.

– Есіме түсті. Мынау інімнің Астанада жұмыс істейтін, той-томалақ ұйымдастыратын жеке фирмасы бар танысына ұқсайды екен. Тазыңызды сатсаңыз, мен жақсы бағаға алам деп үйге келген .

– Рас па? Ініме хабарласып, телефонын сұрайыншы? ... Өшіп тұр екен.

Уатсабына хабарлама жібердім. Сонымен тағы бір күн өтті. Балдыздан хабар болмаған соң, Айдар оған өзі барып қайтуды жөн көріп, көлігін қамдай бастады. Арада бір сағат өткенде қызыл ауди тау бөктеріндегі ауылдың таспадай созылып жатқан көшесінен көрші ауданға қарай зулап бара жатты. Оңаша қалған сәтте балдызына телефоньындағы бейнежазбаны көрсетіп отырып, оның түсінің бозарып кеткенін Айдар бірден байқады.

– Сіздің Тұйғыныңызға ұқсамайды ғой мынау, – деп дауыс ырғағы да күрт өзгергенін аңғарып, – Мына жігіттің

телефоны бар ма? – деген. Балдызы жездесінің сауалына ойланбастан:

– Қазір қайда жүргенінен хабарсызбын. Телефон нөмірі де менде сақталмапты. Өшіп қалған сияқты, – деді.

– Сен бұл жігітті үйге ертіп келгенсің. Сонда тазыңызды сатыңыз деп жабысқан болатын. Телефон нөмірін достарыңнан сұрастырып көрші?

– Жакын араласқан емеспін. Ауылға таныстардың біріне ілесіп келген болатын. Сонда да сұрастырып көрейін. Бұған дейін балдызының бойынан ерсі қылқықты байқамаған Айдар оның сөзіне онша сенбесе де, әңгіменің ауанын басқа жаққа тез өзгертіп жіберді. Сосын балдызының сыртқа шығып кеткен бір сәтін пайдаланып, үйдегілерден әйелінің бір суретті үлкейту үшін ала кел деп өтінгенін сылтауратып үлкен ас дайын болғанша отбасылық альбомдарды көріп шыққысы келетінін айтты. Балдызының келіншегі құшақтап әкелген бір топ альбомды диванда бірінен кейін бірін асығыс парактай бастады. Өзіне қажетті мәліметті тек 5-альбомнан тапты. Онда балдызы мен өзі іздеген бейтаныс жігіттің достарымен бірге түскен бір емес, бірнеше суреті бар екен. Қыстырылған жерінен жабырқап қараған кезде тіпті олардың бірінің артынан атын да біліп алды. Жарас есімді бұл жігітпен балдызы ауылда ғана емес, қалада да сан мәрте кездесіпті. Күдікті жігіттің полоройд фотоаппаратымен 10х8 форматымен бірден шығарылатын суретінің бет-бейнесі анық көрінген біреуін әмиянының ішіндегі жеке құжаттарының арасына салып алды. Өзіне арнап асылған еттен кейін шаруасын сылтауратып, жолға шығып кеткен Айдардың ішінде үлкен арпалыс жүріп жатты. Япырай-ай, бұл іске балдызымның да қатысы бар ма? Егер балдызымның шынымен де онымен еш байланысы болмаса ше? Бірінен-бірі туындап жатқан сансыз сұрақтың ешбіріне көңілі қанағаттанатын жауап таба алмай, ойы сан-сақка жүгірген Айдардың әбден басы қатты. Сосын жол бойындағы бұлақтың біріне тоқтап бетін шайып, өзін сансыратқан ойдан арылуға тырысып, көліктегі радиоқабылдағыш магнитофоннан жеңіл әуен іздеген. Біреуінің сөзі, біреуінің әуені көңіліне жақпай, бірінен кейін бірін тез ауыстырып шыққан соң, оны өшіріп, флешкаға жазып алған музыканы қосты. Сосын 2 сағат бойы жол бойындағы қол көтерген жолаушылардың ешбіріне тоқтамағанын есіне түсіріп, өзінен-өзі бір мырс етті.

Тұйғын табылыпты деген қуанышты хабар ауылға тез тарады.

– Қайдан табылыпты? Ұрлаған кім екен?

Айдар аға қаладан алып қайтыпты. Қалай таптың дегендерге Айдар полициядан тазыңызды қаладан таптық деп хабарласып дегеннен басқа ештеңе айтпады. Сол күйі жұрт ұрынын да, оның сыбайласының да атын біле алған жок. Есесіне бір емес, бірнеше отбасы ұрыс-керіссіз түйтіклді мәселені бейбіт жолмен шешуге қол жеткізді. Бұл істе учасковыйдың да еңбегі бар. Қылмыстық іс қозғалса, бір емес бірнеше адамның өз кінәсіне қарай жаза аркалайтынын, сондықтан әркім өз айыбын мойындап жәбірленушіден кешірім сұраса ғана бұл істі тоқтата алатынын бәріне жеке-жеке түсіндірген сол болатын. Алғашқыда Айдардың балдызын жезденді тазысын маған сатуға көндір деп айналдырған Жарас, кейін өз ойы жүзеге аспаған соң «астанадағы той-томалақтарда тазы мен бүркітке сұраныс өте жоғары. Онда жылдың барлық мезгілінде табыс табуға болады. Көлік алайын деп жүрмін деп едің ғой, жезденнің тазысын маған шығарып бере алсаң қолыңа 1 млн теңгені санап берем» деп қыздықтырған. Ақшаға қызыққан жігіт осылайша той болатын күні жездесінің үйінде ешкім болмайтынын алдын ала айтып қойды. Бәрі сәтті аяқталғанымен, арада бір жыл өтіп кеткенде жездесі аяқ астынан өзін күдіктене бастағанда қатты сәтін. Досына тазыны жасыр деп ескерткенімен, полиция қызметкерлері үйге іздеп келгенде қорыққанынан қалай өзінің бұл іске қатысқанын еріксіз мойындауға мәжбүр болды.

Бауыржан БАҚЫТҮЛЫ,
Сүлеймен Демирел атындағы университеттің студенті

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
 ЖАУАПҚЕРШІЛІГ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Өбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
 Шадыяр Мекенбайұлы
87757335665

Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
 Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5527 дана
Апталық таралым 11 054 дана

Тапсырыс №154 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне балланысты та-лап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады. Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтар-да Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген. Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31